Қыста балалар далада ойнайды, шанамен сырғанайды, аққала жасайды, қар лақтырып ойнайды. Қыс өте қызықты мезгіл.

Қимылды ойын: «Аққалаға баскиім»



Мақсаты:Балалар әр түрлі қиылған бас киімдерді аққалаға жапсырады..

3. Сергіту сәті

Қар жауады

Қар жауады, жапалақтап,
Біз жүреміз шаттанып.
Шанамен сырғанаймыз,
Қыс қызығын бастаймыз!
(Қимылмен көрсету)

4. Дидактикалық ойын: «Не артық?»




Суреттер көрсетіледі көгершін,шаңғы, доп, аққала).

Мақсаты:Балалар қыста қолданылмайтын затты табады.

5. Қорытынды

Тәрбиеші:Балалар, бүгін біз не туралы айттық?
Қыс мезгілінде қандай ойындар ойнаймыз?
Балалар бүгін ненің суретін жапсырдық?
Жарайсыңдар балалар,
Осымен ұйымдастырылған оқу іс-әрекетіміз аяқталды.

Искакова Нурзада Болатовна
Орыс тілі мен әдебиеті пәні мұғалімі, Гуманитарлық ғылым магистрі, педагог-зерттеуші
"Ә. Молдағұлова атындағы жалпы білім беретін мектеп" КММ
Түркістан облысы, Созақ ауданы



ПРИМЕНЕНИЕ ПЛАТФОРМЫ «WORDWALL» НА УРОКАХ В 5–8 КЛАССАХ КАК СРЕДСТВО ПОВЫШЕНИЯ УЧЕБНОЙ МОТИВАЦИИ

Аннотация: В данной статье рассматривается эффективность интеграции цифровой платформы Wordwall в образовательный процесс средней школы. Автор анализирует возможности геймификации для повышения активности учащихся 5–8 классов. В работе описаны методические приемы использования интерактивных шаблонов, представлены результаты практического применения и даны рекомендации по внедрению цифровых инструментов для формативного оценивания знаний.

Ключевые слова: цифризация, Wordwall, геймификация, интерактивные методы, средняя школа, формативное оценивание. Түйін сөздер: цифрландыру, Wordwall, геймификация, интербелсенді әдістер, орта мектеп, қалыптастырушы бағалау. Keywords: digitalization, Wordwall, gamification, interactive methods, middle school, formative assessment.

Введение

В настоящее время цифровые технологии проникают в нашу жизнь не по дням, а по часам. «Умные технологии» интенсивно внедряются во все сферы человеческой деятельности, становясь нашей неотъемлемой частью. Цифровизация вносит свой вклад и в учебный процесс, способствуя оживлению и обновлению сферы образования. Педагоги, находящиеся в постоянном поиске, работают над повышением уровня знаний учащихся, используя на своих уроках различные инновационные технологии. Кроме того, цифровизацию можно назвать глобальным трендом — фундаментом светлого будущего подрастающего поколения, формирующегося как конкурентоспособные личности. В связи с этим я хочу рассказать об эффективных путях использования интерактивных методов и платформ с искусственным интеллектом в современном образовании для повышения творческих способностей и мотивации учащихся.

Целью данной статьи является обоснование эффективности платформы «Wordwall» в обучении учащихся 5–8 классов.

Актуальность темы обусловлена необходимостью преодоления монотонности традиционного урока и поиска путей повышения мотивации подростков, ориентированных на визуальный и интерактивный контент. В статье решаются задачи описания методического потенциала платформы и анализа опыта её внедрения в реальный учебный процесс.

Безусловно, эффективность применения любого метода зависит от мастерства самого учителя. Одной из таких платформ является «WORDWALL» — инструмент, созданный для

повышения интереса обучающихся, закрепления знаний, получения обратной связи и проверки успеваемости. [1] Платформа позволяет трансформировать учебный материал в интерактивные упражнения. Платформа «Wordwall» — это популярный цифровой образовательный инструмент, позволяющий преподавателям в короткие сроки создавать интерактивные учебные материалы, игры и викторины. Она идеально подходит для внесения разнообразия в уроки, повышения активности учащихся и закрепления знаний в игровой форме. Методика использования «Wordwall» базируется на принципах геймификации (обучения через игру) и способствует развитию у обучающихся:

- Критического мышления;
- Логических способностей;
- Навыков быстрой обработки информации;
- Навыков коллективной работы (при выполнении групповых заданий).

С помощью этой платформы учитель может вводить собственный контент, используя готовые шаблоны. Если учитель вносит данные по определенной теме, «Wordwall» может мгновенно преобразовать их в несколько игровых форматов (викторина, сопоставление, лабиринт и т.д.). Учащиеся могут выполнять задания на интерактивной доске вместе с учителем или индивидуально, перейдя по отправленной ссылке. Результаты выполнения заданий (количество ошибок, правильные ответы, затраченное время) сохраняются в личном кабинете учителя.

«Wordwall» предлагает множество шаблонов, соответствующих различным учебным целям:

1. **Quiz (Викторина):** Проверка знаний путем выбора правильного ответа.
2. **Match Up (Сопоставление):** Соединение понятий и определений, слов и их переводов.
3. **Group Sort (Группировка):** Распределение данных по заданным категориям.
4. **Missing Word (Пропущенное слово):** Поиск недостающего слова в предложении или тексте.
5. **Maze Chase (Погоня в лабиринте):** Управление персонажем в лабиринте для поиска правильного ответа.
6. **Open the Box (Открой коробку):** Ответы на вопросы, скрытые внутри коробок.

Эффективность для учителя:

Критерий	**Описание**
Экономия времени	Интерактивные материалы создаются за короткое время и могут использоваться на нескольких уроках.
Разнообразие уроков	Платформа нарушает монотонность занятия, внося инновационные и интересные форматы.
Анализ результатов	Платформа автоматически собирает результаты, что помогает учителю оперативно анализировать успеваемость каждого ученика.
Адаптивность	Один и тот же контент можно легко переключить в другой игровой формат в зависимости от целей урока.
Оценивание	Обеспечивает основу для справедливого и объективного оценивания, базирующегося на скорости и точности выполнения.

Педагогическая и методическая эффективность использования платформы «WORDWALL» в учебном процессе очень высока.

Эффективность для учащихся:

1. Элементы игры (таймер, набор очков, рейтинг) повышают интерес и усиливают мотивацию к обучению.

2. Учащиеся превращаются из пассивных слушателей в активных исполнителей заданий.

3. Повторное выполнение одного и того же материала в разных форматах улучшает память и способствует прочному усвоению знаний.

4. Сразу после выполнения задания ученик видит свои ошибки и может их исправить. [1]

«Wordwall» можно эффективно применять на каждом этапе урока. Учителю важно не просто запустить игру, а четко определить её дидактическую цель. В своей практике я чаще всего использую следующие виды:

Шаблон «Wordwall»	**Как использовать?**
Quiz (Викторина)	Вопросы по 5–7 основным понятиям темы.
Find the Match (Найди пару)	Быстрое сопоставление ключевых терминов и их определений.
Random Wheel (Колесо фортуны)	Определение того, кто будет отвечать (по именам или фото), либо выбор темы для повторения.

Одной из самых эффективных сторон платформы является возможность предоставления мгновенной обратной связи и сбора данных для формативного (формирующего) оценивания. Результаты автоматически группируются в разделе «Мои результаты» (My Results).

Почему «Wordwall» эффективен для формативного оценивания?

Во – первых, **у**ченик сразу видит свои успехи и ошибки, что позволяет ему заниматься самооцениванием. А во- вторых, учитель может определить вопросы, в которых было допущено больше всего ошибок, понять, какая тема усвоена плохо, и скорректировать план следующего урока.

Хотя Wordwall редко используется как полноценный инструмент суммативного оценивания, его можно применять для быстрой проверки знаний (например, тест из 10–15 вопросов в режиме «Турнир»). Учитель может создать собственную шкалу перевода баллов в оценки (например: 10 ответов — «5», 8–9 — «4» и т.д.). [2]

Важные принципы использования:

Платформу лучше использовать для закрепления ключевых понятий или смены темпа урока. Выбирая игру, убедитесь, что она способствует достижению учебной цели (например, *Group Sort* идеален для классификации). При использовании готовых заданий из библиотеки платформы обязательно адаптируйте их под уровень своего класса. Эти рекомендации помогут вам систематически и эффективно использовать WORDWALL для повышения интереса учащихся к предмету.

Заключение

Подводя итог, можно утверждать, что платформа «Wordwall» является высокоэффективным инструментом современного педагога. Практическое применение данной методики в 5–8 классах доказывает рост познавательной активности и улучшение качества знаний. Платформа обеспечивает справедливое балловое оценивание и способствует формированию прочных связей между теорией и практикой через визуальные образы. Исследование подчеркивает, что цифровая трансформация уроков — это необходимый шаг для развития практической деятельности педагога.

Кроме того, использование интерактивных заданий способствует развитию у обучающихся навыков самостоятельной работы, быстрого принятия решений и ответственности за результат своей деятельности. Внедрение элементов геймификации позволяет создать положительный эмоциональный фон на уроке, что, в свою очередь, усиливает внутреннюю мотивацию учащихся и снижает уровень учебного стресса.

Важно отметить, что систематическое применение платформы открывает возможности для индивидуализации обучения, позволяя учитывать уровень подготовки каждого ученика и обеспечивать дифференцированный подход. Аналитические инструменты платформы дают

педагогу возможность оперативно выявлять пробелы в знаниях и своевременно корректировать образовательный процесс.

Перспективы дальнейших исследований могут быть связаны с расширением практики использования цифровых платформ в различных предметных областях, а также с проведением сравнительного анализа эффективности традиционных и цифровых методов обучения. Таким образом, интеграция современных цифровых ресурсов в образовательный процесс выступает важным условием повышения качества образования и профессионального роста педагога.

Использованная литература:

1. Сатыбалдиева А. «Эффективность цифровых ресурсов в образовании». // Билим – 2023, №4.
2. Официальный сайт образовательной платформы Wordwall. — Режим доступа: https://wordwall.net
3. Словари и энциклопедии: Википедия. — Режим доступа: https://ru.wikipedia.org

5–8 СЫНЫПТАРДА САБАҚ БАРЫСЫНДА «WORDWALL» ПЛАТФОРМАСЫН ҚОЛДАНУ ОҚУ МОТИВАЦИЯСЫН АРТТЫРУ ҚҰРАЛЫ РЕТІНДЕ

Түйіндеме: Бұл мақалада орта мектептің оқу процесіне Wordwall цифрлық платформасын біріктірудің тиімділігі қарастырылады. Автор 5–8 сынып оқушыларының белсенділігін арттыру үшін геймификация мүмкіндіктерін талдайды. Жұмыста интерактивті шаблондарды қолданудың әдістемелік тәсілдері сипатталған, практикалық қолдану нәтижелері ұсынылған және білімді қалыптастырушы бағалау үшін цифрлық құралдарды енгізу бойынша ұсыныстар берілген.

THE USE OF THE “WORDWALL” PLATFORM IN GRADES 5–8 AS A MEANS OF INCREASING STUDENTS’ LEARNING MOTIVATION

Abstract: This article examines the effectiveness of integrating the Wordwall digital platform into the educational process of middle school. The author analyzes the possibilities of gamification to increase the activity of students in grades 5–8. The paper describes methodological techniques for using interactive templates, presents the results of practical application and provides recommendations for the implementation of digital tools for formative assessment of knowledge.

Тиллаходжаева Динара Шавкатбековна
Қосымша білім беру педагогі
Түркістан облысының білім басқармасының Сайрам ауданының білім бөлімінің
"№27 "Аққала" жалпы білім беретін мектеп" коммуналдық мемлекеттік мекемесі

ҚОСЫМША БІЛІМ БЕРУ ҰЙЫМДАРЫНДА ТҰЛҒАҒА БАҒЫТТАЛҒАН ОҚЫТУ ТЕХНОЛОГИЯЛАРЫ

Аннотация. Мақалада қосымша білім беру ұйымдарындағы тұлғаға бағытталған оқыту технологияларының мәні, мазмұны және педагогикалық маңызы жан-жақты қарастырылады. Қазіргі білім беру кеңістігінде тұлғаның жан-жақты дамуы мен жеке қабілеттерін ашу басты басымдықтардың бірі болып табылады. Осы тұрғыда қосымша білім беру жүйесі оқушының қызығушылығы мен қажеттіліктеріне негізделген икемді әрі шығармашылыққа бағытталған ортаны қалыптастырады. Мақалада тұлғаға бағытталған оқыту технологияларын енгізудің тиімді жолдары, педагогтің рөлі және білім алушының белсенділігін арттыру мәселелері талданады. Сонымен бірге инновациялық әдістерді қолдану арқылы оқыту үдерісінің сапасын арттыру мүмкіндіктері сипатталады.

Кілт сөздер: қосымша білім беру, тұлғаға бағытталған оқыту, педагогикалық технология, жеке тұлға, шығармашылық қабілет, инновация, білім беру үдерісі, оқушы белсенділігі, әдістеме, құзыреттілік.

Қазіргі таңда білім беру жүйесінің дамуы қоғамдағы әлеуметтік-экономикалық өзгерістермен тығыз байланысты болып отыр, осыған сәйкес білім беру мазмұны да түбегейлі жаңаруда, өйткені дәстүрлі білім беру үлгісі оқушының тек білімді меңгеруіне бағытталса, бүгінгі күні тұлғаның өзіндік ойлау қабілетін дамыту, шығармашылық әлеуетін ашу және өмірлік дағдыларын қалыптастыру негізгі мақсатқа айналды, осы тұрғыдан алғанда қосымша білім беру ұйымдары ерекше рөл атқарады, себебі олар оқушылардың қызығушылықтары мен бейімділіктерін ескере отырып, еркін және икемді оқу ортасын қалыптастыруға мүмкіндік береді, мұндай ортада тұлғаға бағытталған оқыту технологияларын қолдану білім алушының өзіндік дамуына жағдай жасап, оның белсенді танымдық әрекетін ынталандырады, сонымен қатар педагог пен оқушы арасындағы қарым-қатынас жаңа деңгейге көтеріледі, яғни мұнда педагог тек білім беруші емес, бағыттаушы, кеңесші және серіктес ретінде көрінеді, бұл өз кезегінде оқушының оқу үдерісіне деген қызығушылығын арттырып, білім сапасының жоғарылауына ықпал етеді, тұлғаға бағытталған оқыту технологияларының басты ерекшелігі – әрбір білім алушының жеке ерекшеліктерін ескеру арқылы оның әлеуетін толық ашуға бағытталуы, мұндай тәсіл білім беру үдерісін ізгілендіруге және дараландыруға негіз болады, нәтижесінде білім алушы өзіндік пікір қалыптастырып, дербес шешім қабылдауға үйренеді, бұл қасиеттер қазіргі заман талабына сай бәсекеге қабілетті тұлғаны қалыптастыруда маңызды болып табылады.

Қосымша білім беру ұйымдарында тұлғаға бағытталған оқыту технологияларын тиімді жүзеге асыру үшін педагогтың кәсіби құзыреттілігі жоғары деңгейде болуы қажет, себебі мұндай технологиялар тек әдіс-тәсілдерді қолданумен шектелмейді, ол педагогтың оқушының ішкі әлемін түсінуіне, оның психологиялық ерекшеліктерін ескеруіне және оқу үдерісін соған сәйкес ұйымдастыруына негізделеді, осы тұрғыдан алғанда педагог оқу бағдарламасын икемдеп, әр оқушыға жеке білім беру траекториясын құруы тиіс, бұл оқушының өз мүмкіндіктерін толық пайдалануға жағдай жасайды, сондай-ақ шығармашылық тапсырмалар, жобалық жұмыстар және зерттеу әрекеттері арқылы оқушының танымдық белсенділігі артады, мұндай жағдайда білім алушы тек дайын ақпаратты қабылдаушы емес, білімді өз бетінше құрастырушы субъект ретінде қалыптасады, бұл оның сыни ойлау қабілетін дамытып, ақпаратты талдау және бағалау дағдыларын жетілдіреді, педагог осы үдерісте қолдау көрсетіп, бағыт-бағдар беріп отырады, нәтижесінде оқушы өзіндік ізденіс арқылы білім алудың

маңыздылығын түсінеді, бұл оның өмір бойы білім алуға деген мотивациясын қалыптастырады, тұлғаға бағытталған оқыту технологиялары осындай кешенді тәсіл арқылы білім беру сапасын арттыруға мүмкіндік береді.

Интерактивті әдістерді тұлғаға бағытталған оқыту технологиялары аясында жүйелі түрде қолдану білім алушының тек сыртқы белсенділігін ғана емес, оның ішкі рефлексиялық қабілеттерін де тереңдетуге ықпал етеді, өйткені мұндай әдістер барысында оқушы өз әрекетін саралап, өзінің танымдық жетістіктері мен қиындықтарын саналы түрде бағалауға үйренеді, бұл үдеріс оның метатанымдық дағдыларының қалыптасуына негіз болады, ал метатаным өз кезегінде білімді саналы түрде меңгерудің маңызды шарты ретінде көрінеді. Интерактивті әрекет барысында оқушы тек ақпарат алмасумен шектелмей, өз тәжірибесін қайта құрып, жаңа білімді бұрынғы білім жүйесімен байланыстыра отырып құрылымдайды, бұл оның когнитивтік икемділігін арттырады және әртүрлі жағдаяттарда білімін қолдана алу қабілетін жетілдіреді. Осындай әдістерді қолдану барысында оқу үдерісінде эмоционалдық қатысу деңгейі жоғарылайды, себебі оқушы өзін оқу әрекетінің толыққанды қатысушысы ретінде сезінеді, ал бұл оның оқу мотивациясының тұрақты қалыптасуына ықпал етеді. Интерактивті оқыту тәсілдері білім алушының жауапкершілік деңгейін арттырып, оны өз оқу нәтижесіне жауапты субъект ретінде қалыптастырады, бұл қасиет тұлғаның дербестігін нығайтуда маңызды рөл атқарады. Педагог бұл жағдайда бақылаушы емес, оқу әрекетін бағыттаушы ретінде әрекет етеді, ол оқушыларға дайын шешім ұсынбай, олардың өздігінен шешім қабылдауына жағдай жасайды, нәтижесінде оқушылардың сыни ойлау қабілеті дамиды. Мұндай әдістер білім алушылардың әртүрлі көзқарастарды қабылдауына мүмкіндік беріп, толеранттылық пен пікір алуандығына құрметпен қарау мәдениетін қалыптастырады, бұл қазіргі қоғам үшін аса маңызды әлеуметтік құндылықтардың бірі болып табылады. Интерактивті ортада оқушылар арасында сенімді қарым-қатынас орнайды, бұл олардың психологиялық жайлылығын қамтамасыз етеді және оқу үдерісіндегі кедергілерді азайтады. Сонымен қатар мұндай тәсілдер оқушылардың шығармашылық бастамаларын қолдап, олардың өзіндік идеяларын жүзеге асыруына мүмкіндік береді, бұл тұлғаның өзін-өзі жүзеге асыру қажеттілігін қанағаттандыруға жағдай жасайды. Интерактивті әдістердің тағы бір маңызды қыры – олар оқыту мазмұнын өмірмен байланыстыруға мүмкіндік береді, өйткені тапсырмалар көбіне нақты жағдайларға негізделіп құрылады, бұл білімнің практикалық мәнін арттырады. Нәтижесінде мұндай кешенді әсер білім алушының жан-жақты дамуына ықпал етіп, оның тұлғалық және зияткерлік әлеуетін үйлесімді түрде қалыптастырады.

Интерактивті әдістерді қолданудың тиімділігі олардың білім алушылардың жеке оқу стильдеріне бейімделе алу мүмкіндігімен де тығыз байланысты, өйткені әрбір оқушы ақпаратты қабылдау, өңдеу және қолдану тұрғысынан өзіндік ерекшеліктерге ие болады, ал интерактивті тәсілдер осы айырмашылықтарды ескеруге жағдай жасайды. Оқушылардың бірі визуалды материалдар арқылы жақсы меңгерсе, енді бірі практикалық әрекет арқылы тиімді үйренеді, ал үшіншісі пікір алмасу барысында өз ойын жүйелей алады, мұндай әртүрлілікті ескеру тұлғаға бағытталған оқытудың негізгі қағидаларының бірі болып табылады. Интерактивті сабақтар барысында білім алушылар өз қабілеттерін әртүрлі қырынан көрсете алады, бұл олардың өзіндік бағасының қалыптасуына оң әсер етеді және өзіне деген сенімділігін арттырады. Мұндай оқыту форматы оқушылардың қателесуге деген қорқынышын азайтады, өйткені оқу үдерісі ынтымақтастыққа негізделген ортада өтеді, бұл жерде қателік даму құралы ретінде қарастырылады. Педагог оқушылардың жеке жетістіктерін назарға алып, әрқайсысының ілгерілеуін қолдап отырады, бұл олардың оқу әрекетіне деген оң көзқарасын қалыптастырады. Интерактивті әдістер білім алушылардың уақытты тиімді пайдалану дағдыларын дамытуға да ықпал етеді, себебі тапсырмалар нақты мақсатқа бағытталған және белгілі бір уақыт шеңберінде орындалады. Мұндай тәсілдер оқушылардың ұйымдастырушылық қабілеттерін жетілдіріп, оларды өз әрекеттерін жоспарлауға үйретеді. Сонымен қатар интерактивті оқыту барысында кері байланыс үздіксіз жүзеге асырылады, бұл оқушылардың өз білім деңгейін нақты бағалауға мүмкіндік береді және олардың оқу

стратегиясын түзетуіне жағдай жасайды. Білім алушылардың өзара әрекеттестігі олардың көшбасшылық қабілеттерін де дамытуға ықпал етеді, өйткені топтық жұмыстар барысында әркім белгілі бір рөл атқарып, жауапкершілік алады. Нәтижесінде интерактивті әдістер тұлғаға бағытталған оқыту технологияларының тиімді құралы ретінде білім алушылардың жан-жақты дамуын қамтамасыз етеді.

Цифрлық құралдарды тұлғаға бағытталған оқыту технологияларымен ықпалдастыру білім беру үдерісінің құрылымын түбегейлі өзгертіп, оны икемді әрі бейімделгіш жүйеге айналдырады, өйткені цифрлық орта оқушыларға білімді дәстүрлі шектеулерден тыс меңгеруге мүмкіндік береді және олардың оқу кеңістігін кеңейтеді. Мұндай жағдайда білім алушы уақыт пен орынға тәуелді болмай, өзіне ыңғайлы жағдайда білім ала алады, бұл оның оқу процесіне деген жеке жауапкершілігін арттырады және өзіндік тәртіп қалыптастыруға ықпал етеді. Цифрлық технологиялар білім мазмұнын әртүрлі форматта ұсынуға мүмкіндік береді, бұл оқушылардың ақпаратты қабылдау ерекшеліктерін ескеруге жағдай жасайды және оқыту үдерісін барынша тиімді етеді. Оқушы тек мәтінмен шектелмей, бейне, аудио және анимациялық материалдар арқылы білім алады, бұл оның танымдық қызығушылығын арттырып, оқу үдерісін эмоционалдық тұрғыдан байытады. Педагог цифрлық құралдарды пайдалану арқылы оқушылардың оқу жетістіктерін нақты бақылап, дер кезінде кері байланыс бере алады, бұл оқыту сапасын арттыруға мүмкіндік береді. Сонымен қатар цифрлық орта оқушылардың дербес зерттеу жүргізуіне жағдай жасап, олардың ақпараттық сауаттылығын қалыптастырады, бұл қазіргі қоғамда аса маңызды құзыреттіліктердің бірі болып табылады. Оқушылар түрлі онлайн ресурстарды пайдалана отырып, өз білімін кеңейтіп, жаңа мәліметтерді өз бетінше іздеп табуға үйренеді, бұл олардың өмір бойы білім алу қабілетін дамытады. Цифрлық технологиялар арқылы оқыту үдерісін дараландыру мүмкіндігі артады, себебі әр оқушыға жеке тапсырмалар мен оқу жолдары ұсынылады. Мұндай тәсіл білім алушылардың жеке қарқынын ескеруге мүмкіндік береді және олардың оқу нәтижелерін жақсартады. Нәтижесінде цифрлық құралдарды тиімді қолдану тұлғаға бағытталған оқыту технологияларының әлеуетін толық ашуға жағдай жасайды.

Цифрлық білім беру ортасында тұлғаға бағытталған оқытуды жүзеге асыру барысында оқушылардың өзіндік реттеу дағдылары ерекше маңызға ие болады, өйткені мұндай ортада білім алушы өз оқу әрекетін өзі жоспарлап, оның орындалуын бақылауға тиіс, бұл оның жауапкершілік деңгейін арттырып, дербестігін нығайтады. Оқушы цифрлық платформалар арқылы өз жетістіктерін бақылап, өзінің әлсіз тұстарын анықтай алады, бұл оған оқу стратегиясын өзгертуге және тиімді тәсілдерді таңдауға мүмкіндік береді. Мұндай үдеріс оқушылардың аналитикалық ойлау қабілетін дамытып, олардың өз әрекеттерін саналы түрде ұйымдастыруына ықпал етеді. Цифрлық ортада жұмыс істеу барысында оқушылар ақпараттың шынайылығын бағалауға үйренеді, бұл олардың сыни ойлау қабілетін қалыптастыруда маңызды рөл атқарады. Педагог бұл үдерісте бағыттаушы ретінде әрекет етіп, оқушыларға сенімді ақпарат көздерін таңдауға көмектеседі және олардың зерттеу дағдыларын дамытады. Сонымен қатар цифрлық құралдар оқушылардың шығармашылық жұмыстарын жүзеге асыруға кең мүмкіндік береді, өйткені олар түрлі бағдарламалар мен қосымшаларды пайдалана отырып, өз идеяларын нақты өнімге айналдыра алады. Мұндай әрекеттер оқушылардың креативті ойлау қабілетін дамытып, олардың өзіндік ерекшеліктерін көрсетуге мүмкіндік береді. Цифрлық білім беру ортасы оқушылар арасында жаһандық деңгейде қарым-қатынас орнатуға жағдай жасайды, бұл олардың мәдениаралық коммуникация дағдыларын қалыптастырады. Оқушылар түрлі елдердің білім алушыларымен тәжірибе алмасып, өз көзқарастарын кеңейтеді, бұл олардың дүниетанымының қалыптасуына ықпал етеді. Нәтижесінде цифрлық құралдарды тұлғаға бағытталған оқыту технологияларымен үйлестіру білім алушылардың жан-жақты дамуын қамтамасыз ететін тиімді педагогикалық жүйе ретінде көрінеді.

Қорытындылай келе, қосымша білім беру ұйымдарында тұлғаға бағытталған оқыту технологияларын қолдану білім беру үдерісін жаңғыртудың маңызды бағыты болып

табылады, бұл технологиялар оқушының жеке тұлға ретінде қалыптасуына, оның шығармашылық және зияткерлік әлеуетінің дамуына ықпал етеді, педагогтың кәсіби шеберлігі мен инновациялық көзқарасы бұл үдерістің табысты жүзеге асуына негіз болады, сондай-ақ білім алушылардың белсенді қатысуы мен қызығушылығы оқыту нәтижелерінің жоғары болуын қамтамасыз етеді, тұлғаға бағытталған оқыту технологиялары білім беру мазмұнын жаңартып қана қоймай, оны адамгершілік құндылықтармен толықтырады, бұл қазіргі қоғамда маңызды болып табылатын жан-жақты дамыған тұлғаны қалыптастыруға мүмкіндік береді, сондықтан қосымша білім беру ұйымдарында бұл технологияларды жүйелі түрде енгізу және дамыту білім беру сапасын арттырудың негізгі шарттарының бірі ретінде қарастырылуы тиіс.

Пайдаланылған әдебиеттер

1. Омарова Г.Ж., Сәрсенбаева Н.Ә. Қосымша білім беру ұйымдарындағы педагогикалық технологиялар // Білім берудегі менеджмент. – 2022. – № 2 (78). – Б. 23-29.

2. Фролова П.И., Герасимова А.Ю. Личностно-ориентированное образование в системе дополнительного образования детей: монография. – Омск: ОмГПУ, 2021. – 185 с.

3. Ермакова Т.В., Шилова Л.В. Технология индивидуализации обучения в дополнительном образовании // Наука и школа. – 2021. – № 4. – С. 56-63.

Жарикова Гаухар Нурлановна
Қазақ тілі мен әдебиеті пәні мұғалімі
«№ 4 Алға орта мектебі» КММ
Ақтөбе облысы Алға ауданы



ҚАЗАҚ ТІЛІНЕН БЕЛСЕНДІ ОҚУ ӘДІСТЕРІ

Қазақ тілі мен әдебиеті сабақтарында белсенді оқыту әдіс-тәсілдерін тиімді пайдалану – оқушының шығармашылығын арттырады.Білімді оқушы– болашақтың бір кірпішін қалайды. Сондықтан жеке тұлғаның шығармашыл, дарынды, жан-жақты болуы шарт.Сабақтың нәтижесінде оқушының сауатты, білімді, бәсекеге қабілетті тұлға болып қалыптасуына ықпал ету мақсаты назарға алынады.

Оқытудың белсенді әдіс-тәсілдері арқылы білім алушыларды дарындылыққа қалай жетелейміз? Қазақ тілі мен әдебиеті сабағында белсенді оқыту әдіс-тәсілдері сыни тұрғыдан ойлауды жүзеге асыруда өте тиімді. Бұл әдіс-тәсілдер арқылы оқушылар өз ойын, пікірін жүйелі жеткізе біледі, тереңінен салыстыра отырып ойланады, өзіндік идеяларын ұсынуға дағдыланады. Қазақ тілі мен әдебиеті пәнінде суреттер, фотосуреттер, естелік жазбалары секілді дәлелдерді жинақтау мен топтастыру, негізгі дереккөздерді бағалау, сәйкес сұрақтар қою, дереккөздерді салыстыру мен толықтыру әдістерін пайдалану – оқушылардың сыни ойлауына мүмкіндік жасайды.Мақсат-міндеттерімді жүзеге асыру үшін оқушылардың жас ерекшелігін ескере отырып, төмендегідей тиімді әдіс-тәсілдерді сабақ барысында пайдаланып

келемін. Сабақта белсенді орта құру – белсенді оқу әдістері арқылы жүзеге асатыны белгілі. Менің белсенді әдістерім – пән бойынша тақырыптың мазмұнымен анықталған.

«Хикая картасы» әдісі сабақ мақсатына сәйкес, нақтылыққа үйретеді. Оқушы мәтіндегі нақты ақпаратты пайдаланып, оқиға тізбегін жазады. Бұл әдіс арқылы жазылым алдындағы тапсырмада білімді шығармашылық тұрғыда қолдана білу қабілеті артады.Ал «Зерттеу» әдістері зерттеу саласына қолданылатын жүйелі және теориялық талдау арқылы қорытынды жасау үшін мәліметтер жинауға, сұрақтар құрастыруға, сұрақтарға жауап беруге арналған. Сондай-ақ «Ой сүзгі» әдісін шығарманы қорытындылау кезеңінде қолданған тиімді. А.Кемелбаеваның «Шашты» әңгімесін оқып, талдап, төмендегі жүйе бойынша өз жұмыстарына рефлексия жасайды.

Оқытудың белсенді әдіс-тәсілдері – сабақ үстінде оқушыға мынадай мүмкіндіктер беретенінін анықтадым:

- өзінің білім беру қызметін өздері басқарады;
- білім мәдениеті мен маңыздылығын түсініп, қажетті іс-әрекетті белсене өз бетінше орындауға;
- жеке ерекшелігі мен қабілетіне сай тапсырмаларды өзі таңдап, ізденіп, белсенді орындауға;
- білім мен мәдени құндылықтарды игеру ісін топтасып, ұжымдасып, мұғалім көмегенсіз атқаруы;
- мәлімет алумен ғана шектелмей, сабақ барысында өз пікірін ашық айтып, сұхбат жүргізуге;
- ой-өрісі ғана емес, рухани және әлеуметтік жағынан өздерін дамытып, тәрбиелей алады.

Оқытудың белсенді әдістерін сабақ үстінде қолдану барысында төмендегідей тиімділіктерге қол жеткізуге болады:

- сенімділікке тәрбиелеу;
- жеке тұлға ретінде «мен» деген рөлін көтеру;
- өз пікірін қалыптастыру;
- оқушының дүниетанымының кеңіп, рухани өсуіне әр сабақта жағдай жасау.

Қорытындылай келе, қазақ тілі мен әдебиеті сабақтарында белсенді оқу әдістерін қолдану – оқушылардың білім сапасын арттырудың тиімді жолы. Белсенді әдістер – оқушылардың қызығушылығын арттырып, олардың шығармашылық қабілетін дамытып, оқушылардың өздігінен білім алуына, сыни ойлауына, сөйлеу мәдениетін қалыптастыруға ықпал етеді.Қазіргі заман талабына сай мұғалімдер белсенді оқу әдістерін тиімді пайдаланып, оқушылардың білім деңгейін көтеруге ұмтылуы қажет. Сонда ғана қазақ тілі пәні қызықты, тартымды әрі нәтижелі болады.

Пайдаланылған әдебиеттер:



1. Ахмет Байтұрсынұлы. Тіл тағылымы. - Алматы: Ана тілі, 1992.
2. Жанпейісова М.М. Модульдік оқыту технологиясы оқушыны дамыту құралы ретінде. - Алматы, 2002.
3. Қараев Ж.А. Деңгейлеп-саралап оқыту технологиясы. - Алматы, 2004.

Танатарова Анара Саматқызы
Учитель русского языка и литературы, магистр
ГКП на ПХВ "Общеобразовательная школа № 37" отдела образования города Уральск управления образования акимата Западно-Казахстанской области



ВЕЛИКИЙ АБАЙ

Раздел: 6	**VI. Выдающиеся личности**			
Дата:	**ФИО учителя: Танатарова Анара Саматкызы**			
Класс: 3 В	**Количество присутствующих:**	**Количество отсутствующих:**		
Тема	Великий Абай			
Цели обучения:	**3.3.2.1** — понимать и определять тему, основные части текста (начало, середина, концовка); **3.4.2.1** — делать короткие записи на основе прочитанного/услышанного; **3.5.1.3** — различать завершённость и незавершённость действия.			
Цели урока	Слушает и понимает устную речь, аудиовизуальный материал, задает и отвечает на вопросы; Понимает и различает слова-действия			
Ценность	Творчество и инновации			
Привитие ценностей	Уважение к старшим, воспитание патриотизма, чувство уважения к традициям своего народа.			
Ход урока				
Этапы урока	**Действия педагога**	**Действия учеников**	**Оценивание**	**Ресурсы**
Начало урока	**I. Организационный момент.** Приветствие. Психологический настрой: Здравствуйте, ребята и учителя! Мы начинаем урок. Давайте психологически настроимся на урок. Особое приветствие. (девиз) Проверка домашнего задания. Прием «Творческая мастерская»	Учащиеся слушают учителя, участвуют в диалоге с учителем; размещают учебные материалы на рабочем столе, демонстрируют готовность к уроку отгадывают загадку. Дети участвуют в игре	3 б	*Мы сюда пришли учиться,* *Не лениться, а трудиться.* *Работаем старательно,* *Слушаем внимательно.* **https://wordwall.net/ru/resource/87364299** 

	II. Актуализация знаний. *Просмотр видеоролика ИИ (1мин)* Беседа: • Кого вы увидели на экране? • О ком и чём мы будем говорить на уроке? • Что вы знаете об Абае? • Кого вы увидели на экране? • О ком и чём мы будем говорить на уроке? • **Чтение учителем:** Абай Кунанбаев — великий поэт Казахстана. Он писал стихи и учил людей добру. Люди читают его произведения и уважают поэта.	**Дескриптор:** Прогнозируют тему урока Записывают, слушают Высказывают свои мнения Отвечают на вопросы , определяют тему	Коллективная работа Оценка учителя «Словесная похвала» ***ФО. «Большой палец»*** 	На доске портрет Абая Кунанбаева 
Середина урока	**III. Изучение нового материала.**   **Задание 1.** Прочитайте отрывок **Задание 2.** 	Учитель дает объяснение грамматической темы урока **Работа:** • Учитель читает выразительно. • Учащиеся читают про себя. • Делают короткие записи на основе прочитанного. **Дескрипторы (3.4.2.1):** • читает плавно; • понимает основную мысль; • Делают короткие записи на основе прочитанного. • отвечают на вопросы	2 б. 2б.	Учебник,задание 1, стр.108 **https://wordwall.net/resource/87770497** **Физминутка** Раз — поднялись, подтянулись. Два — согнулись, разогнулись. Три — в ладоши три хлопка, головою три кивка. На четыре — руки шире. Пять — руками помахать, А на шесть — тихонько сесть.
Конец урока	**IV. Закрепление изученного материала.** **Работа в группах.** **1-группа.** Составьте кластер на тему –Абай Кунанбаев **2-группа.** Вставить пропущенные слова в предложении, составить текст **3-группа.** Найти в тексте слова-предметы, слова-признаки, слова-действия. **4-группа.** Написать синквейн к слову Абай	**Дескриптор:** Составляют кластер **Дескриптор:** Правильно вставляют пропущенные слова, составляют текст **Дескриптор:** Находят слова-предметы, слова-признаки, слова-действия.	3б **ФО** **Взаимооценивание «Две звезды и одно пожелание»**	Упр.3,109 стр

	1. Абай 2. Великий, мудрый 3. Учит, пишет, направляет 4. Настоящее имя Абая – Ибрагим 5. Поэт **Защищают работу.**	**Дескрипторы к заданию «Синквейн к слову Абай»** • правильно называет тему — **Абай Кунанбаев**; • подбирает **2 подходящих прилагательных**; • записывает **3 глагола**, связанных с деятельностью героя; • составляет **предложение из 4 слов**, передающее главную мысль; • подбирает **1 итоговое слово** (обобщение);		
	V. Итог урока (5 мин) **Прием «Да-Нет».** 1. Малышу дали имя Ибрагим? Да-Нет 2. Мальчик узнал от дедушки много чудесных историй, сказок, песен? Да-Нет 3. Абай Кунанбаев казахский поэт? Да-Нет 4. Бабушку Абай зовут Айжан? Да-Нет 5. Абай Кунабаев был доктором? Да-Нет Молодцы, ребята!	Отвечают устно	ФО Словесная похвала 	
	Домашняя работа Упр.4, стр.109 выучить наизусть	**Рефлексия «Оценивание себя»** 	**Определяют уровень усвоения темы** **Озвучивают баллы** **самооценивания**	**Раздаточные стикеры**: «Сегодня я узнал(а)...» «Мне понравилось... » «Было интересно, когда... »

Парманова Сандугаш Куанышбековна[1],
директордың ғылыми әдістемелік жұмысы жөніндегі орынбасары
Баймагамбетова Гульназ Мейрамовна[2], ОҒҚ жетекшісі
[1,2]«Ақжан Әл-Машани атындағы №92 мектеп-лицейі»
Астана қаласы

МАГИСТРЛЕР КЛУБЫ АРҚЫЛЫ МЕКТЕПТЕ PBL ЖӘНЕ AI ТЕХНОЛОГИЯЛАРЫН ЕНГІЗУДІ БАСҚАРУ

Аннотация. Бұл мақалада мектеп тәжірибесіне жобалық оқыту (Project-Based Learning – PBL) және жасанды интеллект (Artificial Intelligence – AI) технологияларын тиімді енгізуді басқарудың инновациялық моделі қарастырылады. Зерттеу аясында «Магистрлер клубы» педагогтердің кәсіби қауымдастығы ретінде қарастырылып, оның білім беру үдерісіне жаңашыл технологияларды енгізудегі рөлі талданады. Мақалада PBL мен AI құралдарын біріктіру арқылы оқушылардың функционалдық сауаттылығын, сыни ойлауын және коммуникативтік құзыреттілігін дамыту жолдары ұсынылады. Сонымен қатар, басқарушылық тетіктер, ұйымдастырушылық кезеңдер және тәжірибелік нәтижелер сипатталады.

Түйін сөздер: PBL, жасанды интеллект, білім беру менеджменті, педагогикалық инновация, Магистрлер клубы, цифрлық білім беру.

Кіріспе. Қазіргі білім беру кеңістігі цифрлық трансформация жағдайында дамып, оқыту мазмұны мен әдістеріне түбегейлі өзгерістер енгізуді талап етеді. Қазақстан Республикасында жүзеге асырылып жатқан білім беруді жаңғырту үдерістері, соның ішінде «Цифрлық Қазақстан» мемлекеттік бағдарламасы, білім беру ұйымдарының алдына жаңа міндеттер қояды – оқушыларды тек біліммен қаруландыру ғана емес, оларды өмірлік дағдылармен, шығармашылық және сыни ойлау қабілеттерімен қамтамасыз ету.

Осы тұрғыдан алғанда, жобалық оқыту (PBL) мен жасанды интеллект технологиялары білім беру сапасын арттырудың маңызды құралдары ретінде қарастырылады. Алайда бұл технологияларды мектеп тәжірибесіне тиімді енгізу тек әдістемелік тұрғыдан ғана емес, басқарушылық деңгейде де жүйелі ұйымдастыруды талап етеді.

Сондықтан да, мектеп ішінде педагогтердің кәсіби дамуына бағытталған «Магистрлер клубы» арқылы инновацияларды енгізуді басқару өзекті мәселелердің бірі болып табылады.

Теориялық негіздеме. Білім беру жүйесінде инновацияларды енгізу және басқару Қазақстан Республикасының бірқатар нормативтік-құқықтық құжаттарымен реттеледі. Ең алдымен, базалық құжат - Қазақстан Республикасының «Білім туралы» Заңы (2007 ж.) болып табылады [1]. Бұл заң білім беру саласындағы мемлекеттік саясаттың негізгі қағидаларын, басқару құрылымын және білім беру ұйымдарының қызметін реттейді.

Сонымен қатар, білім беру мазмұны мен нәтижелеріне қойылатын талаптар Мемлекеттік жалпыға міндетті білім беру стандарттары (МЖМБС) арқылы анықталады. Бұл стандарттар білім алушылардың дайындық деңгейін, оқу жүктемесін және білім беру мазмұнын айқындайды . Қазіргі таңда стандарттарда цифрлық дағдыларды, соның ішінде жасанды интеллект элементтерін енгізу мәселелері де қарастырылып келеді [2].

Білім беру ұйымдарының қызметін ұйымдастыру мен басқару үдерісі жыл сайынғы әдістемелік нұсқау хаттармен нақтыланып отырады. Бұл құжаттар оқу процесін ұйымдастыру ерекшеліктерін, педагогтердің қызметін жоспарлау мен бағалау тетіктерін айқындайды.

Осы нормативтік негіздер аясында мектеп тәжірибесіне енгізіліп отырған жобалық оқыту (PBL) мен жасанды интеллект (AI) технологиялары заманауи ғылыми зерттеулерге сүйенеді. PBL тәсілінің тиімділігі John Larmer және Suzie Boss еңбектерінде негізделіп, оның оқушылардың сыни ойлауын, зерттеушілік дағдыларын және ынтымақтастық мәдениетін дамытудағы рөлі айқындалады [3]. Ал білім берудегі цифрлық және AI технологиялардың ықпалы Agata Kukulska-Hulme [4], Elizabeth R. Golonka [5] және Wayne Holmes зерттеулерінде

қарастырылып, олардың оқытуды жекелендіру, жедел кері байланыс беру және оқу нәтижелерін талдау мүмкіндіктерін кеңейтетіні дәлелденген [6]. Осылайша, PBL мен AI технологияларын ықпалдастыру ғылыми тұрғыдан негізделген және білім беру сапасын арттыруға бағытталған заманауи педагогикалық шешім ретінде қарастырылады.

Әдістеме. Зерттеу аралас әдіснамаға (mixed-methods) негізделіп, сандық және сапалық деректерді кешенді талдауды қамтыды. Зерттеу базасы ретінде жалпы білім беретін мектеп алынып, қатысушылар қатарын 2–11 сынып оқушылары (оқу-ғылыми қоғамдастығына мүше, ғылыми жоба байқаулары мен пәндік олимпиадаларға қатысушылар) және пән мұғалімдері (Магистрлер клубының мүшелері) құрады. Зерттеу 2024–2025 оқу жылы аралығында жүргізіліп, мектеп тәжірибесіне PBL және AI технологияларын енгізуді басқарудың тиімділігін анықтауға бағытталды.

Зерттеу үдерісі үш кезеңде ұйымдастырылды: диагностикалық, интервенциялық және қорытынды. Диагностикалық кезеңде қатысушылардың бастапқы деңгейі сауалнама, бақылау және тестілеу арқылы анықталды. Интервенциялық кезеңде Магистрлер клубы аясында мұғалімдерге коучингтер өткізіліп, PBL форматындағы сабақтар мен AI құралдары (мәтін генерациясы, кері байланыс, бағалау) оқу үдерісіне енгізілді. Қорытынды кезеңде pre/post тестілеу, салыстырмалы талдау және кері байланыс арқылы нәтижелер бағаланды. Деректер пайыздық көрсеткіштер мен сапалық талдау негізінде өңделіп, зерттеудің сенімділігі бірнеше әдісті қатар қолдану арқылы қамтамасыз етілді.

Нәтижелер және талдау. Зерттеу нәтижелері мектеп тәжірибесіне PBL және AI технологияларын Магистрлер клубы арқылы енгізу білім беру үдерісінің сапасына оң әсер еткенін көрсетті. Қорытынды диагностика мәліметтері бойынша оқушылардың оқу мотивациясы мен зерттеушілік белсенділігінде оң динамика байқалып, эксперименттік топта көрсеткіштердің орташа өсімі 10–12% аралығында тіркелді. Оқушылардың жобалық тапсырмалар барысында дерекпен жұмыс істеу, мәселені талдау және нәтижені ұсыну дағдылары айтарлықтай жетілді.

Зерттеу аясында оқушылардың ғылыми-зерттеу қызметіне қатысу көрсеткіштері де жақсарды. Атап айтқанда, облыстық деңгейдегі ғылыми жобалар байқауына ұсынылған жобалар саны артып, өткен оқу жылымен салыстырғанда нәтижелілік көрсеткіші жоғарылады: бұрын 8 жоба қатысып, оның 5-еуі жүлделі орын алса, зерттеу кезеңінде ұсынылған жобалардың басым бөлігі жоғары нәтижелер көрсетіп, жүлделі орындарға ие болды (оның ішінде I, II және III дәрежелі дипломдар тіркелді). Бұл көрсеткіштер оқушылардың зерттеушілік дағдыларының жүйелі түрде қалыптасқанын дәлелдейді.

Сонымен қатар, мектеп деңгейінде «IDEA FEST» ғылыми жобалар фестивалі ұйымдастырылып, онда әртүрлі бағыттар бойынша Магистрлер клубы жетекшілік еткен оқушылар топтық және жеке зерттеу жобаларын ұсынды. Фестиваль барысында оқушылар өз жобаларын қорғап, ғылыми нәтижелерін көпшілік алдында ұсыну арқылы академиялық және коммуникативтік дағдыларын дамытты. Бұл тәжірибе мектепте ғылыми орта қалыптастыруға және оқушылардың зерттеушілік мәдениетін нығайтуға ықпал етті.

Мұғалімдер деңгейінде де оң өзгерістер байқалды: Магистрлер клубы аясында жүргізілген коучингтер мен бірлескен жоспарлау нәтижесінде педагогтердің цифрлық және әдістемелік құзыреттілігі артты. Сонымен қатар, AI құралдарын қолдану оқыту үдерісін жекелендіруге және жедел кері байланыс беруге мүмкіндік берді. Дегенмен, уақыт тапшылығы мен техникалық ресурстардың шектеулілігі сияқты қиындықтар да анықталды. Жалпы алғанда, алынған нәтижелер ұсынылған басқару моделінің тиімділігін көрсетеді.

Талқылау. Зерттеу нәтижелері PBL және AI технологияларын мектеп тәжірибесіне енгізу тек оқыту әдістемесін жаңартумен шектелмей, оны тиімді басқару қажеттігін көрсетеді. Алынған деректер Магистрлер клубы арқылы ұйымдастырылған кәсіби қауымдастықтың педагогтердің тәжірибе алмасуына, бірлескен жоспарлауына және инновацияларды жүйелі енгізуіне ықпал ететінін дәлелдейді. Бұл өз кезегінде оқушылардың зерттеушілік белсенділігінің артуына және нақты академиялық нәтижелердің жақсаруына әсер етті.

Облыстық деңгейдегі ғылыми жобалар байқауындағы көрсеткіштердің өсуі және мектепішілік «IDEA FEST» фестивалінің ұйымдастырылуы оқушылардың ғылыми ортаға тартылуының тиімді механизмдерінің қалыптасқанын көрсетеді. Бұл нәтижелер PBL тәсілінің практикалық маңызын айқындап, оқушылардың теориялық білімді нақты зерттеу қызметінде қолдана алу қабілетін арттыратынын дәлелдейді. Сонымен қатар, AI құралдарын пайдалану оқу үдерісін жекелендіру мен кері байланысты жеделдетуге мүмкіндік беріп, білім алушылардың оқу траекториясын тиімді басқаруға жағдай жасады.

Алайда, зерттеу барысында анықталған уақыт тапшылығы, мұғалімдердің дайындық деңгейінің әркелкілігі және техникалық ресурстардың шектеулілігі сияқты факторлар инновацияларды енгізу үдерісін күрделендіретінін көрсетті. Осыған байланысты, PBL және AI технологияларын тиімді енгізу үшін басқару деңгейінде жүйелі қолдау, педагогтердің үздіксіз кәсіби дамуы және материалдық-техникалық базаны нығайту маңызды болып табылады.

Жалпы алғанда, алынған нәтижелер халықаралық зерттеулерде көрсетілген тұжырымдармен сәйкес келеді және кәсіби қауымдастық негізінде ұйымдастырылған басқару моделі білім беру жүйесінде тұрақты оң өзгерістерге қол жеткізуге мүмкіндік беретінін дәлелдейді.

Қорытынды. Зерттеу нәтижелері көрсеткендей, мектеп тәжірибесіне PBL және AI технологияларын Магистрлер клубы арқылы енгізу білім беру сапасын арттырудың тиімді жолы болып табылады. Ұсынылған басқару моделі педагогтердің кәсіби дамуын қолдап, инновацияларды жүйелі түрде жүзеге асыруға мүмкіндік берді. Нәтижесінде оқушылардың зерттеушілік дағдылары, оқу мотивациясы және академиялық жетістіктері айтарлықтай жақсарды.

Осылайша, кәсіби қауымдастық негізінде ұйымдастырылған басқару білім беру үдерісіне енгізілетін жаңашыл технологиялардың тұрақты және нәтижелі болуын қамтамасыз ететін маңызды фактор ретінде айқындалды.

Пайдаланған әдебиеттер тізімі:

1. Қазақстан Республикасының «Білім туралы» Заңы. – Астана, 2007.

2. Қазақстан Республикасы Оқу-ағарту министрлігі. Мемлекеттік жалпыға міндетті білім беру стандарты (МЖМБС). – Астана, 2018 (жаңартылған редакцияларымен).

3. John Larmer, Suzie Boss. Setting the Standard for Project Based Learning: A Proven Approach to Rigorous Classroom Instruction. – Alexandria, VA: ASCD, 2015.

4. Agata Kukulska-Hulme. Mobile Learning and Digital Education. – London: Routledge, 2020.

5. Elizabeth R. Golonka, Bowles A. R., Frank V. M., Richardson D. L., Freynik S. Technologies for Foreign Language Learning: A Review of Technology Types and Their Effectiveness. – Computer Assisted Language Learning, 2014.

6. Wayne Holmes, Bialik M., Fadel C. Artificial Intelligence in Education: Promises and Implications for Teaching and Learning. – Boston: Center for Curriculum Redesign, 2019.

Жолдасбекова Оразкул Абсеметовна
Қазақ тілі мен әдебиеті пәні мұғалімі
«Ақжан Әл-Машани атындағы №92 мектеп-лицейі»
Астана қаласы

ЖАСАНДЫ ИНТЕЛЛЕКТ ЖӘНЕ ТІЛ: ҚҰРМАЛАС СӨЙЛЕМ АРҚЫЛЫ ТІЛДІК НОРМАНЫ МЕҢГЕРУ

Аннотация. Бұл мақалада жасанды интеллект технологияларын тіл үйрету үдерісінде қолданудың тиімділігі қарастырылады. Әсіресе, құрмалас сөйлемдерді меңгеру арқылы тілдік норманы қалыптастыру мәселесі талданады. Жасанды интеллект құралдарының тілдік дағдыларды дамытудағы мүмкіндіктері, олардың оқыту процесіндегі рөлі және оқушылардың грамматикалық сауаттылығын арттырудағы ықпалы ғылыми тұрғыда негізделеді. Зерттеу нәтижелері жасанды интеллектті тиімді қолдану арқылы оқушылардың тілдік құзыреттілігін дамытуға болатынын көрсетеді.

Түйін сөздер: жасанды интеллект, тілдік норма, құрмалас сөйлем, грамматика, цифрлық технология, тіл үйрету.

Кіріспе. Қазіргі жаһандану дәуірінде адамзат өркениеті жаңа сапалық деңгейге көтеріліп, ақпараттық-технологиялық кеңістік қоғам өмірінің барлық саласына терең ене бастады. Соның айқын көрінісі ретінде жасанды интеллект технологиялары тек техникалық прогрестің жетістігі ғана емес, сонымен қатар тіл мен ойлаудың, таным мен қарым-қатынастың жаңа мүмкіндіктерін ашатын қуатты құралға айналып отыр. Бұл өзгерістер білім беру жүйесіне де тың серпін беріп, дәстүрлі оқыту мазмұны мен әдістерін қайта қарастыру қажеттігін туындатуда.

Тіл – ұлттың рухани коды, дүниетанымының айнасы әрі мәдени жадын сақтаушы басты құндылық. Сондықтан тілдік норманы сақтау мен оны ұрпақ санасына сіңіру – білім беру жүйесінің негізгі міндеттерінің бірі. Әсіресе, ойды жүйелі, дәл және көркем жеткізудің басты құралы болып табылатын синтаксистік құрылымдарды меңгеру, соның ішінде құрмалас сөйлемдерді дұрыс қолдану, тілдік мәдениетті қалыптастыруда айрықша маңызға ие. Құрмалас сөйлем – тек грамматикалық категория ғана емес, ол – күрделі ойдың көрінісі, логикалық байланыстардың тілдегі бейнесі, сөйлеу шеберлігінің жоғары деңгейін танытатын құрал.

Дегенмен, дәстүрлі оқыту тәжірибесінде оқушылардың құрмалас сөйлемдерді дұрыс құрастыруы мен қолдануында белгілі бір қиындықтардың кездесетіні байқалады. Бұл, бір жағынан, грамматикалық құрылымдардың күрделілігімен байланысты болса, екінші жағынан, оқыту үдерісінде жекелендіру мен жедел кері байланыстың жеткіліксіздігімен түсіндіріледі. Осы тұрғыдан алғанда, жасанды интеллектке негізделген цифрлық құралдар тіл үйретудің мазмұнын байытып қана қоймай, оны сапалық жаңа деңгейге көтеруге мүмкіндік береді.

Жасанды интеллект технологиялары оқушының жеке ерекшеліктерін ескере отырып, оқу үдерісін икемді ұйымдастыруға, тілдік қателерді жедел анықтап, түзетуге, сондай-ақ күрделі синтаксистік құрылымдарды кезең-кезеңімен меңгертуге жағдай жасайды. Бұл өз кезегінде оқушылардың тілдік норманы саналы түрде игеруіне, сөйлеу мәдениетінің қалыптасуына және коммуникативтік құзыреттілігінің артуына ықпал етеді.

Осыған байланысты мақалада жасанды интеллект мүмкіндіктерін пайдалана отырып, құрмалас сөйлемдерді меңгеру арқылы тілдік норманы қалыптастыру мәселесі жан-жақты қарастырылады. Зерттеудің өзектілігі – қазіргі цифрлық білім беру жағдайында тілдік сауаттылықты арттырудың тиімді жолдарын айқындау және жасанды интеллекттің осы үдерістегі орнын ғылыми тұрғыда негіздеу қажеттілігімен айқындалады.

Теориялық негіздеме. Қазіргі ғылыми зерттеулер жасанды интеллекттің тіл үйретудегі тиімділігін дәлелдей отырып, оның әсіресе грамматикалық құрылымдарды, соның ішінде

құрмалас сөйлемдерді меңгертуде маңызды құрал екенін көрсетеді: халықаралық деңгейде Agata Kukulska-Hulme [1], Elizabeth R. Golonka [2] еңбектерінде цифрлық және ЖИ технологияларының тілдік дағдыларға оң әсері негізделсе, заманауи эмпирикалық зерттеулер ЖИ арқылы жекелендірілген оқыту, жедел кері байланыс және тілдік қателерді автоматты түзету оқушылардың грамматикалық сауаттылығын арттыратынын дәлелдейді; ал қазақстандық ғалымдар – Зүбәйда Сабитова [3], Фаузия Оразбаева [4] еңбектерінде тілдік норма мен коммуникативтік құзыреттілікті қалыптастыруда синтаксистік құрылымдардың, әсіресе құрмалас сөйлемдердің, рөлі ерекше атап өтіледі; осы тұрғыдан алғанда, жасанды интеллект технологиялары когнитивтік және коммуникативтік теориялармен ұштаса отырып, оқушылардың ойлау мен сөйлеу әрекетін байланыстыратын күрделі тілдік бірліктерді тиімді меңгертуге мүмкіндік береді.

Осы бағыттағы әдістемелік ұстанымдар Қазақстан Республикасының жаңартылған білім беру мазмұны мен 2025–2026 оқу жылына арналған нұсқаулықтарында да көрініс табады, мұнда цифрлық құзыреттілік пен жасанды интеллект элементтерін пәндік оқытумен кіріктіру қажеттілігі ерекше атап өтіледі: оқу үдерісінде ЖИ құралдарын қолдану тек техникалық дағдыретінде емес, оқушылардың сыни ойлауын, тілдік талдау қабілетін және академиялық адалдық мәдениетін қалыптастыру құралы ретінде қарастырылады; осыған сәйкес, тіл сабақтарында жасанды интеллектті пайдалану барысында оқушылар тек дайын мәтінді қабылдаушы емес, керісінше, оны талдаушы, салыстырушы және түзетуші субъект ретінде әрекет етуі тиіс, бұл өз кезегінде құрмалас сөйлемдердің құрылымын саналы меңгеруге мүмкіндік береді; сонымен қатар, әдістемелік құжаттарда мұғалімнің бағыттаушы және модератор рөлі сақталатыны, ал ЖИ тек көмекші құрал ретінде қолданылуы қажеттігі көрсетіліп, оқыту үдерісінде баланс сақтаудың маңыздылығы айқындалады; бұл талаптар тілдік нормаы меңгертуде ЖИ-ді мақсатты, жүйелі және педагогикалық тұрғыдан негізделген түрде қолдану қажеттігін дәлелдейді [5].

Әдістеме. Зерттеу 9-сынып оқушылары арасында жүргізіліп, барлығы 48 білім алушы эксперименттік (9 «А») және бақылау (9 «Б») топтарына бөлінді. Эксперименттік топта құрмалас сөйлемдерді меңгерту үдерісінде жасанды интеллектке негізделген цифрлық құралдар жүйелі түрде қолданылса, бақылау тобында дәстүрлі оқыту тәсілдері сақталды.

Зерттеу аралас әдіснамаға сүйеніп, бастапқы және қорытынды диагностика (pre-test, post-test) арқылы оқушылардың грамматикалық дағдылары салыстырмалы түрде талданды. Тәжірибе барысында оқушылар жай сөйлемдерді өзара байланыстырып, күрделі ойды құрмалас сөйлем арқылы жеткізуге, қателерді түзетуге және дұрыс синтаксистік үлгіні таңдауға бағытталған тапсырмаларды орындады.

Нәтижелер және талдау. Зерттеу нәтижелері оқушылардың құрмалас сөйлемдерді меңгеру деңгейінде айқын оң өзгерістер бар екенін көрсетті. Бастапқы диагностика барысында екі топтағы білім алушылардың грамматикалық дағдылары шамалас деңгейде болғанымен, тәжірибе соңында эксперименттік топта айтарлықтай ілгерілеу байқалды. Жасанды интеллект құралдарының көмегімен орындалған тапсырмалар оқушылардың сөйлем құрылымын саналы түрде түсінуіне, ойды жүйелі жеткізуіне және синтаксистік нормаларды дұрыс қолдануына ықпал етті.

Эксперименттік топтағы оқушылар тек дайын үлгілерді қайталаумен шектелмей, бірнеше нұсқаны салыстырып, қателерін өз бетінше түзетуге дағдыланды. Бұл олардың тілдік рефлексиясын дамытып, грамматикалық құбылыстарды тереңірек түсінуіне мүмкіндік берді. Ал бақылау тобында дәстүрлі әдістер қолданылғандықтан, оң динамика болғанымен, ол салыстырмалы түрде баяу және тұрақсыз сипатта көрінді.

Зерттеу барысында алынған сандық нәтижелер төмендегі кестеде көрсетілген:

Кесте 1. Құрмалас сөйлемдерді меңгеру деңгейінің салыстырмалы көрсеткіштері

Көрсеткіштер	Эксперименттік топ (9 «А»)	Бақылау тобы (9 «Б»)
Pre-test (орташа %)	52%	51%
Post-test (орташа %)	68%	57%
Өсу динамикасы	+16%	+6%

Кестеде көрсетілгендей, эксперименттік топтағы нәтижелердің өсімі (+16%) бақылау тобымен салыстырғанда (+6%) едәуір жоғары. Бұл айырмашылық жасанды интеллект құралдарының оқыту үдерісіндегі тиімділігін дәлелдейді.

Сонымен қатар, сапалық талдау нәтижелері оқушылардың сөйлеу белсенділігінің артқанын, құрмалас сөйлемдерді қолдануда сенімділіктің қалыптасқанын және тілдік нормаларды сақтауға деген ұмтылыстың күшейгенін көрсетті. Сауалнама нәтижелері бойынша оқушылардың басым бөлігі ЖИ көмегімен орындалатын тапсырмалардың қызықты әрі түсінікті екенін атап өткен.

Жалпы алғанда, алынған нәтижелер жасанды интеллект технологияларын тіл үйрету үдерісіне мақсатты енгізу оқушылардың грамматикалық сауаттылығын арттырып қана қоймай, олардың танымдық белсенділігі мен оқу мотивациясына да оң әсер ететінін дәлелдейді.

Талқылау. Зерттеу нәтижелері жасанды интеллект құралдарын тіл үйрету үдерісіне енгізудің тиімділігін тағы бір мәрте дәлелдейді. Эксперименттік топтағы оң динамика оқушылардың құрмалас сөйлемдерді тек механикалық түрде меңгермей, олардың құрылымдық және мағыналық байланысын терең түсіне бастағанын көрсетеді. Бұл, ең алдымен, жасанды интеллекттің жедел кері байланыс беру мүмкіндігімен және әр оқушының деңгейіне бейімделген тапсырмалар ұсынуымен түсіндіріледі. Аталған нәтижелер халықаралық және отандық зерттеулердегі тұжырымдармен үндес келеді: цифрлық және ЖИ технологиялары тілдік дағдыларды дамытуда оқыту үдерісін жекелендіріп, білім алушының белсенділігін арттырады. Сонымен қатар, құрмалас сөйлемдерді меңгеру барысында оқушылардың логикалық ойлау қабілеті мен тілдік рефлексиясының дамуы байқалды, бұл синтаксистік құрылымдардың когнитивтік сипатын айқындай түседі.

Дегенмен, зерттеу барысында кейбір шектеулер де анықталды. Кейбір оқушылар бастапқы кезеңде ЖИ құралдарын қолдануға дағдыланбағандықтан, тапсырмаларды орындауда қосымша уақыт пен бағыттауды қажет етті. Сондай-ақ, ЖИ ұсынған дайын нұсқаларға шамадан тыс сүйену қаупі де байқалды, бұл оқушының өздігінен ойлауына белгілі бір деңгейде кедергі келтіруі мүмкін. Осыған байланысты мұғалімнің бағыттаушы рөлі ерекше маңызға ие екені анықталды.

Қорытынды. Жүргізілген зерттеу жасанды интеллект мүмкіндіктерін тіл үйрету үдерісіне кіріктірудің, әсіресе құрмалас сөйлемдер арқылы тілдік норманы меңгертудің тиімділігін айқын көрсетті: ЖИ құралдары оқушылардың грамматикалық сауаттылығын арттырып, ойды жүйелі әрі дәл жеткізу дағдыларын дамытуға ықпал етті, сонымен қатар жекелендірілген оқыту мен жедел кері байланыс олардың танымдық белсенділігі мен қызығушылығын күшейтті; алайда бұл үдерістің нәтижелілігі мұғалімнің бағыттаушы рөлімен ұштасқанда ғана толық жүзеге асатыны анықталып, жасанды интеллект пен дәстүрлі педагогиканы үйлестіру қазіргі білім беру жүйесінде тілдік мәдениетті қалыптастырудың тиімді әрі перспективалы бағыты екені дәлелденді.

Пайдаланған әдебиеттер тізімі:

1. Agnes Kukulska-Hulme. Mobile-Assisted Language Learning: A Review of Recent Research // ReCALL. – 2020. – Vol. 32(3). – P. 1–16.
2. Зүбәйда Сабитова. Қазақ тілінің лексикологиясы. – Алматы: Қазақ университеті, 2014. – 256 б.
3. Фаузия Оразбаева. Тілдік қатынас: теориясы және әдістемесі. – Алматы: РБК, 2000. – 208 б.
4. Қазақстан Республикасы Оқу-ағарту министрлігі. 2025–2026 оқу жылына арналған әдістемелік нұсқау хат. – Астана, 2025.

Алымбаева Динара Жумакановна
Қазақ тілі мен әдебиеті пәні мұғалімі
Қостанай облысы әкімдігі білім басқармасының
«Озат» мамандандырылған ақпараттық технологиялар мектеп-лицей-интернаты» КММ

ҚАЗАҚ ТІЛІ САБАҒЫНА STEAM ЭЛЕМЕНТТЕРІН КІРІКТІРУ

Аңдатпа. Бұл мақалада қазақ тілі сабағына STEAM (Science, Technology, Engineering, Arts, Mathematics) білім беру тәсілін кіріктірудің теориялық және практикалық негіздері қарастырылады. Зерттеудің мақсаты – тілдік дағдыларды дамытуда пәнаралық байланысты күшейту арқылы оқушылардың функционалдық сауаттылығын, шығармашылық ойлауын және коммуникативтік құзыреттілігін арттыру жолдарын анықтау.

Түйін сөздер: STEAM, қазақ тілі, пәнаралық байланыс, функционалдық сауаттылық, инновациялық технологиялар, коммуникативтік дағды.

Кіріспе. Білім беру жүйесінің дамуы оқыту мазмұны мен әдістерін жаңартуды, білім алушылардың тек білім меңгеруін ғана емес, оны өмірде қолдана алу, сыни ойлау және шығармашылық қабілеттерін дамытуды талап етеді. Осыған байланысты білім беру процесінде пәнаралық ықпалдастық пен инновациялық технологияларды енгізу маңызды бағыттардың біріне айналып отыр.

Бұл тұрғыда STEAM (Science, Technology, Engineering, Arts, Mathematics) тәсілі білімді кешенді меңгеруге бағытталған тиімді модель ретінде қарастырылады. Аталған тәсіл оқушылардың зерттеушілік, шығармашылық және проблемаларды шешу дағдыларын дамытуға мүмкіндік береді.

Қазақ тілі пәні оқушылардың коммуникативтік құзыреттілігін, ойлау мәдениетін және функционалдық сауаттылығын қалыптастыруға бағытталғандықтан, оған STEAM элементтерін енгізу оқытудың сапасын арттырудың тиімді жолы болып табылады. Алайда бұл бағытта әдістемелік тұрғыдан жүйелі жұмыстар жеткіліксіз.

Осы зерттеудің мақсаты – қазақ тілі сабағына STEAM элементтерін кіріктірудің тиімді жолдарын анықтау және оның оқушылардың тілдік және танымдық қабілеттерін дамытудағы мүмкіндіктерін негіздеу.

Теориялық негіздеме. STEAM (Science, Technology, Engineering, Arts, Mathematics) білім беру тәсілі – оқытудың интегративті моделіне негізделген бағыттардың бірі. Бұл ұғым алғаш STEM ретінде қалыптасып, кейін өнер (Arts) компонентінің қосылуымен кеңейтілді. Georgette Yakman STEAM білім беруді пәндер арасындағы өзара байланысты қамтамасыз ететін, оқушылардың шығармашылық және сыни ойлау қабілеттерін дамытуға бағытталған жүйе ретінде қарастырады. Оның пікірінше, STEAM – білімді тек меңгеру емес, оны тәжірибеде қолдану арқылы тұлғаның кешенді дамуын қамтамасыз ететін тәсіл.

Интеграцияланған оқытудың тиімділігі John Dewey еңбектерінде де негізделген. Ол білім беруді тәжірибемен байланыстыру қажеттілігін атап өтіп, оқыту үдерісі оқушының белсенді әрекеті арқылы жүзеге асуы тиіс екенін дәлелдеген. Бұл идея STEAM тәсілінің философиялық негіздерінің бірі болып табылады.

Заманауи зерттеулер STEAM білім берудің оқушылардың оқу мотивациясына және оқу жетістіктеріне оң әсер ететінін көрсетеді. Мәселен, Margaret Honey және Greg Pearson (2014) редакциясымен жарық көрген STEM Integration in K-12 Education еңбегінде пәнаралық ықпалдастықтың оқушылардың білімді терең түсінуіне және оны нақты өмірлік жағдаяттарда қолдануына ықпал ететіні дәлелденген [1].

Сонымен қатар, National Research Council (2012) ұсынған A Framework for K-12 Science Education құжатында оқытуда инженерлік ойлау мен ғылыми зерттеу дағдыларын біріктірудің маңыздылығы атап өтіледі. Бұл STEAM тәсілінің негізгі қағидаларымен сәйкес келеді [2].

Қазақ тілі пәнін оқытудағы коммуникативтік бағыт Dell Hymes ұсынған коммуникативтік құзыреттілік теориясымен тығыз байланысты. Оның пікірінше, тіл үйрену тек грамматикалық құрылымдарды меңгерумен шектелмей, оны нақты қарым-қатынас жағдайында қолдана алу қабілетін қамтиды. STEAM тәсілі бұл үдерісті нақты өмірлік тапсырмалар арқылы жүзеге асыруға мүмкіндік береді [3].

Отандық ғалымдар да тілдік білім берудің коммуникативтік және функционалдық бағытын дамыту қажеттілігін атап өтеді. Мәселен, Фаузия Оразбаева еңбектерінде тіл үйретудің басты мақсаты – қатысымдық құзыреттілікті қалыптастыру екендігі негізделсе, Зүбәйда Сабитова зерттеулерінде тілдік нормаларды меңгеру мен оларды практикалық қолдану арасындағы байланыс қарастырылады [4].

Осылайша, жоғарыда аталған теориялық тұжырымдамалар STEAM тәсілін қазақ тілі сабағына кіріктірудің ғылыми негізін құрайды. Пәнаралық ықпалдастық, тәжірибеге бағытталған оқыту, коммуникативтік әдіс және цифрлық технологияларды қолдану – қазіргі тілдік білім берудің негізгі бағыттары болып табылады және олар STEAM тәсілімен өзара үйлесімді байланыста жүзеге асады.

Әдістеме. Зерттеу жұмысы қазақ тілі сабағында STEAM элементтерін кіріктірудің тиімділігін анықтауға бағытталып, аралас әдіс негізінде ұйымдастырылды. Зерттеу барысында эксперименттік және бақылау топтары салыстырылып, бірінде STEAM тәсіліне негізделген пәнаралық, жобалық және цифрлық тапсырмалар жүйелі түрде қолданылса, екіншісінде дәстүрлі оқыту әдістері жүргізілді. Деректерді жинау үшін алдын ала және қорытынды тапсырмалар, сабақ барысындағы бақылау, сауалнама және оқушылардың шығармашылық өнімдерін бағалау әдістері пайдаланылды. Алынған нәтижелер сандық және сапалық талдау арқылы өңделіп, оқушылардың тілдік дағдылары, оқу мотивациясы және коммуникативтік белсенділігіндегі өзгерістер кешенді түрде қарастырылды.

Зерттеу нәтижелері. Зерттеу барысында қазақ тілі сабағына STEAM элементтерін кіріктіру оқушылардың оқу үдерісіне деген қызығушылығын арттыруға және олардың белсенді қатысуына оң әсер еткені байқалды. Сабақтарда пәнаралық тапсырмалар мен жобалық жұмыстарды қолдану оқушылардың тілдік материалды тереңірек түсінуіне мүмкіндік берді.

Бақылау нәтижелері бойынша оқушылардың:

- өз ойын еркін жеткізу қабілеті дамыды;
- топтық жұмысқа қатысу белсенділігі артты;
- шығармашылық тапсырмаларды орындауға деген ынтасы күшейді;
- тілдік білімді өмірлік жағдаяттарда қолдану дағдылары қалыптаса бастады.

Сонымен қатар, цифрлық құралдарды қолдану оқушылардың сабаққа деген қызығушылығын арттырып, олардың заманауи технологияларды тиімді пайдалану дағдыларын дамытуға ықпал етті. Оқушылар күрделі тақырыптарды визуалды және практикалық тапсырмалар арқылы жеңіл меңгеріп, өз бетімен іздену дағдыларын көрсетті.

Жобалық жұмыстар барысында оқушылардың зерттеушілік қабілеттері мен сыни ойлау дағдылары дамығаны байқалды. Олар ақпаратты талдап, салыстырып, қорытынды жасай алды.

Оқушылардың жетістіктері

№	Конкурс / Олимпиада атауы	Деңгейі	Нәтиже
1	Жалпы білім беретін пәндер бойынша республикалық олимпиада	Облыстық кезең	Жүлделі орын
2	«Зерде» республикалық зерттеу жобалары мен шығармашылық жұмыстар конкурсы	Облыстық кезең	Жүлделі орын
3	Республикалық ғылыми жобалар конкурсы	Облыстық кезең	Жүлделі орын
4	«Дарын» орталығы ұйымдастырған республикалық байқау	Республикалық деңгей	Қатысу / жетістік
5	Оқу-әдістемелік шығармашылық байқаулар	Өңірлік деңгей	Жүлделі нәтиже

Жалпы алғанда, STEAM элементтерін кіріктіру:
- оқушылардың пәнге қызығушылығын арттырды;
- коммуникативтік дағдылардың дамуына ықпал етті;
- шығармашылық және зерттеушілік қабілеттерді күшейтті;
- білімді практикамен байланыстыруға мүмкіндік берді.

Қорытынды. Жүргізілген зерттеу нәтижелері қазақ тілі сабағына STEAM элементтерін кіріктіру оқыту үдерісінің тиімділігін арттыратын заманауи тәсілдердің бірі екенін көрсетті. Пәнаралық ықпалдастыққа негізделген тапсырмалар оқушылардың тілдік дағдыларын кешенді дамытуға, білімді өмірлік жағдаяттарда қолдануға және өз ойын еркін жеткізуге мүмкіндік берді.

STEAM тәсілін қолдану барысында оқушылардың сабаққа деген қызығушылығының артқаны, шығармашылық белсенділігінің күшейгені және топтық жұмысқа қатысуының жақсарғаны байқалды. Сонымен қатар, цифрлық құралдарды тиімді пайдалану олардың зерттеушілік дағдыларын дамытып, өздігінен білім алу қабілеттерін қалыптастыруға ықпал етті.

Зерттеу қорытындылары көрсеткендей, қазақ тілі сабағында STEAM элементтерін жүйелі және мақсатты түрде қолдану оқушылардың коммуникативтік құзыреттілігін, сыни ойлауын және функционалдық сауаттылығын дамытуға мүмкіндік береді. Бұл өз кезегінде білім алушыларды заманауи қоғам талаптарына бейімдеудің тиімді жолы болып табылады.

Осылайша, STEAM тәсілін тілдік білім беру мазмұнына енгізу – оқытудың сапасын арттыруға бағытталған перспективалы бағыттардың бірі болып табылады және оны білім беру тәжірибесінде кеңінен қолдану ұсынылады.

Пайдаланған әдебиеттер тізімі:

1. Honey M., Pearson G., Schweingruber H. STEM Integration in K-12 Education: Status, Prospects, and an Agenda for Research. – Washington, DC: National Academies Press, 2014.

2. Hymes D. On Communicative Competence. – In: Pride J.B., Holmes J. (eds.) Sociolinguistics. – Harmondsworth: Penguin, 1972. – P. 269–293.

3. Оразбаева Ф.Ш. Тілдік қатынас теориясы және әдістемесі. – Алматы: РБК, 2000. Сабитова З.К. Қазақ тілінің стилистикасы. – Алматы: Қазақ университеті, 2012.

4. Оразбаева Ф.Ш. Тілдік қатынас теориясы және әдістемесі. – Алматы: РБК, 2000.


Онласынова Анара Алтынхановна
Қазақ тілі мен әдебиеті пәні мұғалімі
С.Абланов атындағы орта мектебі
Жамбыл облысы, Байзақ ауданы




«НАҒЫЗ ӘЖЕ ҚАЙДА?» ӘҢГІМЕСІНДЕГІ ӘЖЕ БЕЙНЕСІ



Ұзақ мерзімді жоспар бөлімі: Отбасы құндылықтары	**Мектеп:** С. Абланов атындағы орта мектеп
Күні:	**Мұғалімнің аты жөні: Оңласынова А**
Сынып:5 «А»	**Қатысқандар:** **Қатыспағандар:**
Сабақтың тақырыбы:	«Нағыз әже қайда?» әңгімесіндегі әже бейнесі
Осы сабақ арқылы жүзеге асатын оқу мақсаттары	5.1.1.1 әдеби шығарманың жанрына қарай фабуласы мен сюжеттік дамуын сипаттау; 5.2.4.1 көркем шығармадан алған әсеріп сипаттап авторға хат, өлең жазу;
Сабақ мақсаттары	Әдеби шығарманың жанрына қарай фабуласы мен сюжеттік дамуын сипаттайды, көркем шығармадан алған әсеріп сипаттап авторға хат, өлең жазады
Ойлау дағдылары	Жоғарғы деңгей дағдылары талдау жинақтау
Тілдік мақсат	**Оқушылар :**Хикаят картасы, шатасқан оқиғалар,
	Пәнге тән лексика мен терминдер: ұршық,шылауыш кимешек, дәндету,тосын, камзол,кейуана
	Диалог пен жазу үшін пайдалы сөздер мен тіркестер: әже, нағыз әже**,** қыздардың қонаққа баруы, әкенің ертегі айтуы, әже сағынышы **Талқылауға арналған сұрақтар:** Әңгіме кейіпкерлері туралы не білесіңдер? Әңгіме неліктен «Нағыз әже» деп аталған?
Бағалау критерий	әдеби шығарманың жанрына қарай фабуласы мен сюжеттік дамуын сипаттайды
Құндылықтарды дарыту	Қазақстандықтардың бойында патриоттық сезімі, ұлттық сана-сезімі, ұлттық рухы, азаматтылығы мен әлеуметтік белсенділігі жоғары деңгейлі зияткер әрі бәсекеге қабілетті тұлғаға тән қасиет-сапаларды жетілдіру

Сабақтың барысы

Сабақтың жоспарланған кезеңдер	**Мұғалімнің іс-әрекеті**	**Оқушының іс-әрекеті**	**Бағалау**	**Ресурстар**
Сабақтың басы **7 минут**	**1. Оқушылармен сәлемдесу, түгендеу** 2. Ынтымақтастық атмосферасын қалыптастыру. «Алмаз тастар» әдісі арқылы  **Топқа бөлу.**«Ою» әдісі арқылы 3 топқа бөлінеді 	Мұғаліммен сәлемдеседі, Интерактивті тақтадан асыл тастарды таңдау арқылы психологилық ахуал орнатады Оюларды таңдау арқылы топтарға бөлінеді	**Мұғалімнің ауызша мадақтауы** **«Жарайсың!»** **«Керемет!»** **«Өте жақсы!»** **«Жақсы!»** **«Бұдан да ұтымды жауаптар күтемін»**	**Мұғалімнің презентациясы** **Интерактивті тақта** **Ноутбук** **Оқулық**

Сабақтың ортасы **5 минут**	**Алдыңғы білімді еске түсіру: educaplay.com платформасында оқушылар сұрақтарға жауап береді** **https://www.educaplay.com/learning-resources/28381905-learning_resource.html** **«Ой салу» әдісі** 0323.mp4 Жасанды интеллект арқылы жасалған виедеоны қарап, сұраққа жауап береді. Әженің қандай болу керектігі туралы өз ой пікірлерін білдіреді Сабақтың тақырыбы, оқу мақсаттары мен бағалау критерийлері таныстырылады, түсіндіріледі. **Жаңа сабақ** **1-тапсырма: «Интеллект карта» әдісі арқылы жеке жұмыс** **https://youtu.be/0xvP23_J8hg?si=dL1nZ3Ef2zPUIwyk**  **2- тапсырма: Оқылым және тыңдалым тапсырмасы «Комикс» әдісі:** **https://heyzine.com/flip-book/f1cfcf0008.html** **3-тапсырма: «Адасқан суреттер» әдісі (жұптық жұмыс)**	Платформадағы сұрақтарға жауап береді. Қосымша мұғалімнің сұрақтарына жауап береді Жасанды интеллект арқылы жасалған виедеоны қарап, сұраққа жауап береді. Әженің қандай болу керектігі туралы өз ой пікірлерін бі лдіреді Оқушылар топпен ақылдасып автордың өмірбаянына тоқталады. Комикстегі мәтінде оқып, сюжетті түсіндіреді	**Мұғалімнің ауызша мадақтауы** **Оқушылар өзара бірін-бірі ауызша бағалауы** **Дескриптор:** 1. Автордың өмірбаянын айтады;(1б) 2. Ұяшықтарға жазады; (1б) **Дескриптор** 1. Комиксті мұқият оқиды 2. Оқиғалар ретін сақтай отырып ,сюжеттік дауын әңгімелейді ; (1б) **Дескриптор:** **1.** Суреттерді сюжет бойынша	**Интерактивті тақта** **Оқулық** **Интерактивті тақта** **Жұмыс парақшалары** **Интерактивті тақта** **Бағалау парақшалары** **Тақырыптық суреттер** **Оқулық**

5 минут **Сабақтың соңы** **2 минут**	  **4-тапсырма: «Спираль» әдісі (топтық жұмыс)** Ая мен Райханның түсінігі бойынша нағыз әже қандай болуы керек? Не себепті олар әжені көрудіармандады? Берілген үш эпизодты салыстырып, өз ойларындағы әженің портретін құрастырыңдар 	Шығарманың сюжеттік дамуын ретімен қойыңыздар. Оқушылар әңгімені тыңдайды, дәптерге тапсырманы орындайды Мұғалімнің сұрақтарына жауап береді Әженің бейнесін анықтайды. Әженің бейнесін анықтайды.	ретімен қойып шығады; (1б) 2. Реттілігін диалог арқылы түсіндіреді; (1б) **Дескриптор:** 1. Эпизодтарға сүйене отырып,әженің портретін құрастырады; (1б) 2.Шығарма кейіпкерлерінің сезімі мен армандарын түсіндіреді. (1б) 3.өз ойларын жүйелі түрде жеткізеді; (1б)	**Дәптер** **Бағалау парақшалары**  **Хат жазуға арналған парақшалар** **Интерактивті тақта**

	  **5-тапсырма: «Авторға хат» әдісі** Бұл жерде қыздардың әкесіне хат жолдау: Үлгі: Амандасу. Қалын сұрау Өзіңнің жағдайың туралы айту Негізгі ой Қоштасу Хат иесі: Сәлемнен ... Күні **Сабақты бекіту:** **https://wordwall.net/ru/resource/31638118** **Кері байланыс: «Ой шамшырағы» әдісі арқылы кері байланыс алынады**  Үй тапсырмасы: «Сіз үшін нағыз әже қандай болу керек?» тақырыбында өз ойыңызды жазыңыз	Әженің бейнесін анықтайды. Оқушылар қыздың әкесіне арнап өз пікірлерін жазады, хаттың құрылымын сақтайды Платформада сұрақтарға жауап береді	Дескриптор: 1. Хаттың құрылымын сақтай отырып, өз ойын жеткізеді. (1б) 2. Орфографиялық нормаға сай жазады; (1б)	

Медеуова Гулжан Тажибаевна
Юрий Гагарин атындағы орта мектебінің ағылшын тілі пәні мұғалімі
Жамбыл облысы, Байзақ ауданы



PARTS OF ANIMAL

Date:	**Teacher name:**		
CLASS:	**Number present:**	**absent:**	
LESSON:	Parts of animal		
Learning objectives(s) that this lesson is contributing to	5.2.6.1 Deduce meaning from context in short, supported talk 5.5.2.1 Write with support a sequence of short sentences in a paragraph 5.6.3.1 Use adjectives and comparative/superlative forms		
Lesson objectives	Students will be able to: • understand the main meaning of a short talk about animals using context clues. • write a short paragraph about an animal using 4–5 supported sentences. • use adjectives and comparative/superlative forms when describing animals.		
AdalAzamat	Creativity and innovation		

Plan

Part of the lesson/Time	**Teacher's activity**	**Student's activity**	**Assessment**	**Resources**
Organization & Emotional Warm-up (5 min)	Greets learners. Asks: *How do you feel today?* Shows emoji slide. Divides learners into 2 groups using random wheel (Leopards,Eagles).	Learners choose emoji about their mood. Joingroups.	Verbalpraise	Mentimeter https://www.mentimeter.com/app/presentation/alcgn1nu16tzyvh5u3ym1pfyjqe25rs9/edit wheel name https://wheelofnames.com/2gj-dph
Lead-in / Topic introduction (5 min)	Shows pictures of animal body parts (tail, wings, horns, claws). Asks guiding questions: *What is this? Which animal has it?*Announceslessontopic.	Learners answer questions and guess the topic.	Oralfeed back	PPT slides
Task 1 – Listening&Understanding (10 min)	Plays short supported audio about animals. Gives matching task (animal – body part – adjective).	Listen and match animals with correct body parts and adjectives.	**3 points** 1p – correct animal 1p – correct body part 1p – correct adjective	Educaplay (listening + matching) https://www.educaplay.com/learning-resources/27922750-

				parts_of_animal.html
Task 2 – Group work (10 min)	Gives each group one animal. Explains task: write 5 sentences using adjectives and 1 comparative form. Supports with sentence starters. Within the framework of the “Adal Azamat” program, help each other in group work based on the values of hard work.	In groups, write 5 short sentences. Presenttheiranimal.	3 points 1p – 5 sentences 1p – adjectives used 1p – correct comparative	Poster
Task 3 – Pairwork (8 min)	Launches google form with comparative adjectives. Monitors and supports.	Work in pairs and write correct comparative forms.	2 points 4 correct answers – 2p 2 correct – 1p	Google form https://form.typeform.com/to/LkDzj1Nt
Task 4 – Individual writing (7 min)	Gives writing task: “My favourite animal”. Provides writing support (It has…, It is…, It is bigger than…).	Write 4–5 short sentences in a paragraph.	2 points 1p – 4 sentences 1p – adjective or comparative used	copybook
End of the lesson.Plenary& Reflection (5 min)	Asks reflection questions: *What did you learn? What wasdifficult?*	Share answers orally or write short comment	Verbal feedback	Padlet https://padlet.com/asylzataralbaj/what-did-you-learn-what-was-difficult-jba31cjg9sfs6hd8

Тамбиева Зухадат Кошкенбаевна
Дене шынықтыру пәні мұғалімі
Жамбыл облысы әкімдігінің білім басқармасы Байзақ ауданы білім бөлімінің
«Мырзатай орта мектебі» КММ

МЕКТЕПТЕГІ ДЕНЕ ШЫНЫҚТЫРУ САБАҚТАРЫНДА ҰЛТТЫҚ СПОРТ ТҮРЛЕРІН ТИІМДІ ҚОЛДАНУ

Аннотация: мақалада мектептегі дене шынықтыру сабақтарында ұлттық спорт түрлерін тиімді қолданудың педагогикалық мәні қарастырылады. Ұлттық спорт балалардың физикалық дамуы, психологиялық тұрақтылығы, әлеуметтік қарым-қатынас және ұлттық мәдени санасын қалыптастыруға қалай ықпал ететіні зерттеледі. Мақала мектептегі дене шынықтыру мұғалімдері мен педагогтарға практикалық бағытта қолданысқа арналған.

Кілт сөздер: ұлттық спорт, дене шынықтыру, физикалық даму, психологиялық тұрақтылық, командалық жұмыс, ұлттық мәдениет, тәрбиелік мән, инновациялық әдістер, мектеп, педагогика.

Ұлттық спорт түрлерін дене шынықтыру сабақтарында тиімді қолдану қазіргі білім беру жүйесінде оқушылардың физикалық дамуы мен мәдени санасын қалыптастырудың маңызды құралы болып табылады. Қазақ халқының дәстүрлі спорт ойындары мен жарыстары тек физикалық қабілеттерді ғана емес, сонымен қатар ұжымдық әрекет, төзімділік, жауапкершілік және әділдік сияқты моральдық қасиеттерді дамытады. Мектепте дене шынықтыру сабағында ұлттық спорт түрлерін жүйелі түрде енгізу оқушылардың дене дайындығын арттырумен қатар, ұлттық тарих пен мәдени мұраға қызығушылығын оятады. Бұл тәсіл пән мұғаліміне

сабақтарды тек физикалық жаттығулардан тұратын емес, сонымен бірге тәрбиелік мәні бар кешенді іс-шараларға айналдыруға мүмкіндік береді.

Ұлттық спорт түрлерін қолданудың тағы бір маңызды аспектісі – оқушылардың психологиялық тұрақтылығы мен командалық жұмыс дағдыларын дамыту. Қазақ күресі, асық ату, теңге ілу сияқты ойындар балаларды өзара сыйластыққа, бір-бірін қолдауға және әділ бәсекелестікке үйретеді. Педагогтар сабақ жоспарында осындай ұлттық ойындарды стратегиялық түрде орналастыра отырып, оқушылардың өз күшін дұрыс бағалауды, жеңіліс пен жеңісті қабылдауды, сондай-ақ бірлесіп әрекет ету қабілетін дамытуға жағдай жасайды. Бұл оқу процесінде сабаққа деген қызығушылық пен белсенділікті арттырады, оқушылардың мотивациясын көтереді.

Ұлттық спорт түрлерін сабаққа енгізу физикалық дамуды ғана емес, сонымен қатар дене мәдениеті мен сауаттылығын қалыптастырады. Балалар қозғалыс координациясы, бұлшықет топтарының үйлесімділігін және жалпы физикалық дайындығын дамыта отырып, денсаулықтарын нығайтады. Мұндай сабақтарда әр спорт түрінің техникалық аспектілерімен қатар, олардың тарихы, ұлттық ерекшеліктері мен тәрбие мәні де қарастырылады. Педагогтар осындай кешенді тәсіл арқылы оқушылардың физикалық, интеллектуалдық және мәдени дамуын үйлестіреді, сабақтарды мазмұнды әрі көпқырлы етеді.

Сонымен қатар, ұлттық спорт түрлерін қолдану оқушылардың шығармашылық және стратегиялық ойлау қабілеттерін жетілдіруге ықпал етеді. Ойын барысында балалардың тактикалық шешім қабылдау, қарсыласты бағалау, стратегия құру дағдылары дамиды. Мысалы, қазақ күресінде баламалы комбинацияларды қолдану, асық ойыны кезінде жылдам шешім қабылдау немесе теңге ілу ойындарында дәлдік пен шапшаңдықты үйлестіру балалардың ойлау қабілетін белсенді етеді. Педагог осындай мүмкіндіктерді сабаққа енгізе отырып, оқушылардың физикалық және интеллектуалдық дамуын бір мезгілде қамтамасыз етеді.

Ұлттық спорт түрлерін дене шынықтыру сабақтарында тиімді қолдану оқушылардың жалпы физикалық дайындығын арттырып қана қоймай, олардың мотивациясын және сабаққа деген қызығушылығын да күшейтеді. Зерттеулер көрсеткендей, асық ату, қазақ күресі, тоғызқұмалақ сияқты ұлттық ойын түрлерін жүйелі түрде қолдану балалардың бұлшықет топтарын үйлестіру, жылдамдық, дәлдік және шапшаңдық сияқты физикалық қабілеттерін біркелкі дамытады. Педагогтар сабақ барысында ұлттық спортты ойын элементтерімен үйлестіре отырып, оқушылардың әр түрлі деңгейдегі физикалық дамуын ескеріп, жеке тәсіл қолдана алады. Мұндай сабақтар балалардың өзін-өзі бақылау және өз қабілеттерін бағалау дағдыларын жетілдіреді, сонымен қатар оларды дұрыс бәсекелестікке үйретеді.

Ұлттық спорт сабақтарында командалық ойын элементтерін қолдану балалардың әлеуметтік дамуына зор әсер етеді. Командалық жарыстар мен ұлттық ойындарда оқушылар бір-бірімен өзара әрекет етуді, топ ішінде жауапкершілік алуды және әріптестерін қолдауды үйренеді. Педагогтар осындай сабақтарды ұйымдастыру арқылы оқушылардың қарым-қатынас дағдыларын дамытып, топтық бірлікті және ынтымақтастықты қалыптастырады. Сонымен қатар, ұлттық спорт арқылы балалар әділ бәсекелестік, шыдамдылық және жеңілісті қабылдау қабілеттерін меңгереді, бұл олардың тұлғалық және моральдық дамуына оң әсерін тигізеді.

Қазіргі заманғы мектеп бағдарламасында ұлттық спорт түрлерін енгізу денсаулық сақтау және психологиялық тұрақтылықты арттыруға бағытталған. Мысалы, қазақ күресі мен қол күресі оқушылардың бұлшықет тонусын күшейтіп, тепе-теңдік пен икемділікті дамытады, ал асық ату ойыны зейінді шоғырландыруға және моторлық дағдыларды жетілдіруге көмектеседі. Педагог сабақ барысында әр спорт түрінің денсаулыққа пайдасын түсіндіре отырып, балалардың қауіпсіздік ережелерін сақтауды үйретеді. Бұл тәсіл дене шынықтыру сабақтарын тек қана физикалық жаттығуларға емес, сонымен қатар оқушылардың психофизиологиялық дамуына бағытталған кешенді іс-шараға айналдырады.

Ұлттық спорт сабақтарында мәдени-тарихи компонентті енгізу оқушылардың ұлттық санасын қалыптастыруға ықпал етеді. Әрбір ұлттық ойынның шығу тарихы мен дәстүрі сабақ барысында таныстырылады, бұл балаларды өз халқының мәдениетімен таныстырады және патриоттық сезімін оятады. Педагогтар ұлттық спортты сабаққа енгізе отырып, балаларға рухани тәрбие беріп, олардың этикалық және әлеуметтік құзыреттілігін дамытуға жағдай жасайды. Осындай сабақтар оқушылардың өзін-өзі жетілдіру, ұлттық дәстүрлерге құрметпен қарау және топтық өзара әрекеттесу дағдыларын қалыптастырады.

Экологиялық және инновациялық аспектілер де ұлттық спорт сабақтарының мазмұнында маңызды рөл атқарады. Мысалы, ашық алаңдарда өткізілетін ұлттық ойындар табиғи ортада дене шынықтыруға мүмкіндік беріп, оқушыларға қоршаған ортаны сақтауға деген жауапкершілік сезімін қалыптастырады. Сонымен қатар, заманауи технологияларды пайдалану (мысалы, уақыт өлшеу құралдары, спорттық құрылғылар, цифрлық мониторинг) балалардың спорттық нәтижелерін объективті бағалауға, тактикалық шешім қабылдауға және инновациялық ойлау қабілетін дамытуға мүмкіндік береді.

Ұлттық спорт түрлерін сабаққа енгізу оқушылардың әлеуметтік құзыреттілігін қалыптастыруға мүмкіндік береді. Мектептегі ұлттық ойындар тек физикалық дайындықты ғана емес, балалардың топ ішінде өз орындарын табуын, бір-бірімен үйлесімді әрекет етуін және жауапкершілік алуды дамытады. Командалық жарыстар барысында әр оқушы өз міндетін сезініп, топтық стратегияны дұрыс жоспарлауды үйренеді. Бұл әдіс арқылы педагог балаларға өзара сыйластықты, әділдік пен ынтымақтастық қағидаларын үйретеді, олардың әлеуметтік дағдыларын күшейтеді.

Ұлттық спорт сабақтарының инновациялық мәні де зор. Заманауи технологияларды пайдалану арқылы педагогтар ұлттық ойындарды цифрлық құралдармен үйлестіріп, ойын процесін визуалды және аналитикалық түрде бақылауға мүмкіндік алады. Мысалы, асық ату мен теңге ілу ойындарын уақыт өлшеу құралдары немесе қозғалысты бақылау жүйелері арқылы өткізу оқушылардың техникалық дағдыларын жетілдіреді, олардың зейінін шоғырландыру қабілетін арттырады және нәтижелерді объективті бағалауға мүмкіндік береді. Бұл тәсіл оқушыларды стратегиялық ойлауға, деректерді талдауға және шешім қабылдауға үйретеді.

Ұлттық спорт түрлерін сабаққа енгізу балалардың рухани дамуына айрықша ықпал етеді. Қазақ күресі, тоғызқұмалақ, асық ату сияқты дәстүрлі ойындар балаларға ата-бабамыздың мәдениеті мен дәстүрін сезінуге мүмкіндік береді. Сабақ барысында педагогтар ұлттық ойындардың шығу тарихын, олардың тәрбиелік мәнін түсіндіріп, оқушылардың ұлттық сана-сезімін қалыптастырады. Бұл тәжірибе балалардың өз халқының мәдени мұрасын бағалауға, патриоттық сезімін нығайтуға және мәдени құндылықтарға құрметпен қарауға ықпал етеді.

Осылайша, ұлттық спорт түрлерін дене шынықтыру сабақтарына енгізу оқушылардың физикалық, психологиялық, интеллектуалдық және әлеуметтік дамуын кешенді түрде қамтамасыз етеді. Педагогтар сабақтарды жоспарлау кезінде ұлттық спортты жүйелі және мақсатты қолдана отырып, балалардың денсаулығын нығайтып қана қоймай, олардың ұлттық мәдени санасын қалыптастырады. Бұл тәсіл мектептегі дене шынықтыру сабақтарын дәстүр мен инновацияны үйлестіретін, қызықты және тәрбиелік мәні бар оқу тәжірибесіне айналдырады.

Пайдаланылған әдебиеттер:

1. Қарақұлов А., Мұхтарова Ж. Мектептегі дене шынықтыру сабақтарының әдістемесі. Алматы: Білім, 2015. – 312 б.

2. Сүлейменов Б. Ұлттық спорт және физикалық мәдениет. Астана: Мектеп, 2017. 248 б.

3. Әбдіқадыров Т. Дене шынықтыру сабақтарында инновациялық әдістер. Шымкент: Орбита, 2016. – 276 б.

4. Назаров Р., Қасымбек А. Балалардың физикалық дамуы және ұлттық ойындар. Алматы: Ұлттық баспа, 2018. – 234 б.

Тилекеева Гүлнара Егизбаевна
География пәні мұғалімі
Жамбыл облысы, Тараз қаласы

ГЕОГРАФИЯЛЫҚ ЗЕРТТЕУ ӘДІСТЕРІ

География ғылымы – Жер бетінде болып жатқан табиғи және әлеуметтік-экономикалық құбылыстарды зерттейтін кешенді ғылым саласы. Бұл ғылым табиғат пен қоғам арасындағы өзара байланысты, олардың кеңістікте таралу заңдылықтарын қарастырады. Географиялық зерттеулердің тиімділігі қолданылатын әдістерге тікелей байланысты. Сондықтан географиялық зерттеу әдістері ғылымның дамуы мен білім сапасын арттыруда маңызды рөл атқарады.

Географиялық зерттеу әдістері – географиялық нысандар мен құбылыстарды тану, сипаттау, талдау және болжау үшін қолданылатын тәсілдер жиынтығы. Бұл әдістер дәстүрлі және заманауи болып екіге бөлінеді. Дәстүрлі әдістерге бақылау, сипаттау, салыстыру, картографиялық әдіс жатса, заманауи әдістерге геоақпараттық жүйелер (ГАЖ), қашықтан зондтау, математикалық модельдеу сияқты тәсілдер кіреді.

Бақылау әдісі – географиядағы ең алғашқы және негізгі әдістердің бірі. Бұл әдіс арқылы зерттеуші табиғи құбылыстарды тікелей немесе жанама түрде бақылап, деректер жинайды. Мысалы, ауа райын бақылау, өзен деңгейінің өзгерісін тіркеу сияқты жұмыстар осы әдіске жатады. Бақылау нәтижесінде алынған мәліметтер кейінгі талдауларға негіз болады.

Сипаттау әдісі зерттелетін нысанның ерекшеліктерін толық әрі жүйелі түрде баяндауды көздейді. Бұл әдіс арқылы географиялық объектілердің сыртқы және ішкі қасиеттері анықталады. Мысалы, белгілі бір аймақтың климаты, жер бедері, топырағы сипатталады. Сипаттау әдісі көбінесе бастапқы кезеңде қолданылады.

Салыстыру әдісі әртүрлі географиялық нысандар мен құбылыстардың ұқсастықтары мен айырмашылықтарын анықтауға бағытталған. Бұл әдіс арқылы зерттеуші белгілі бір заңдылықтарды айқындай алады. Мысалы, екі түрлі климаттық белдеудің ерекшеліктерін салыстыру арқылы олардың айырмашылығы анықталады.

Картографиялық әдіс – география ғылымындағы маңызды әдістердің бірі. Бұл әдіс карталарды пайдалану арқылы географиялық ақпаратты зерттеуді қамтиды. Карталар кеңістіктік мәліметтерді көрнекі түрде көрсетіп, оларды талдауға мүмкіндік береді. Қазіргі таңда электрондық карталар мен цифрлық картография кеңінен дамып келеді.


Заманауи әдістердің ішінде геоақпараттық жүйелер (ГАЖ) ерекше орын алады. ГАЖ – кеңістіктік деректерді жинау, сақтау, өңдеу және талдау үшін қолданылатын ақпараттық жүйе. Бұл әдіс күрделі географиялық мәселелерді шешуде тиімді болып табылады. Мысалы, табиғи апаттарды болжау, қалалардың дамуын жоспарлау сияқты жұмыстарда ГАЖ кеңінен қолданылады.

Қашықтан зондтау әдісі Жер бетін ғарыштан немесе ұшақтар арқылы бақылауға негізделген. Бұл әдіс спутниктік суреттерді пайдаланып, үлкен аумақтарды зерттеуге мүмкіндік береді. Қашықтан зондтау табиғи ресурстарды зерттеу, экологиялық жағдайды бақылау, ауыл шаруашылығын дамыту салаларында маңызды рөл атқарады.

Математикалық модельдеу әдісі географиялық құбылыстарды сандық түрде талдауға мүмкіндік береді. Бұл әдіс арқылы әртүрлі сценарийлерді құрып, болашақтағы өзгерістерді болжауға болады. Мысалы, климаттың өзгеруін модельдеу арқылы оның ықтимал салдарын анықтауға болады.

Қорыта айтқанда, географиялық зерттеу әдістері – география ғылымының негізін құрайтын маңызды құралдар. Дәстүрлі және заманауи әдістердің үйлесімді қолданылуы зерттеулердің сапасын арттырып, нақты әрі сенімді нәтижелерге қол жеткізуге мүмкіндік береді. Ғылым мен технологияның дамуына байланысты бұл әдістер үнемі жетілдіріліп, жаңа мүмкіндіктерге жол ашуда.

Серкебаева Жанат Сансызбайқызы
Оқу ісінің меңгерушісі
Қорғалжын ауылының балалар-жасөспірімдер шығармашылық орталығы
Ақмола облысы, Қорғалжын ауданы



ҚОСЫМША БІЛІМ БЕРУ ЖАҒДАЙЫНДА ОҚУШЫЛАРДЫҢ ШЫҒАРМАШЫЛЫҚ ӘЛЕУЕТІН ДАМЫТУ ЖОЛДАРЫ

